9. Голуб О.Ю. Современные модели социального диалога с использованием каналов электронной коммуникации: региональное измерение // Siberian Socium. – 2020. – Т.4. – №2 (12). – С. 25.
10. Рослякова М.В. Социальные сети в профессиональной деятельности государственных служащих: российская практика и зарубежный опыт // Социодинамика. – 2019. – №9.
11. Парфенчик А.А. Использование социальных сетей в государственном управлении // Вопросы государственного и муниципального управления. – 2017. – №2. – С. 192.
12. Косоруков А.А. Алгоритмы поисковых машин и социальных сетей как фактор становления цифровой публичной сферы // Политика и Общество. – 2018. – №2. – С. 26.
13. Александрова Ю.А. Политическая коммуникация власти и общества в социальных сетях: потенциальная роль в становлении новой модели российского государственного управления // Правовая культура. – 2016. – №3 (26). – С. 47.
14. Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасы / <https://www.nitec.kz/ru/proekty/edinaya-platforma-internet-resursov-gosorganov>. (қаралған уақыты: 17.12.2023).
15. Бас прокуратураның статистика комитеті «e-Otinish» ақпараттық жүйесін іске қосты. 28.08.2023 https://el.kz/bas-prokuraturanyn-statistika-komiteti-e-otinish-aqparattyq-zhuyesin-iske-qosty_87475 (қаралған уақыты: 17.12.2023).
16. Kilybayeva, S., Nassimova G., Massalimova A. The Kazakhstan's Youth Engagement in Politics // Studies of Transition States and Societies. – 2017. – Vol. 9, Issue 1. – P. 59.

17. Freedom House. Freedom on the Net 2019. The Crisis of Social Media. <https://freedomhouse.org/report/freedom-net/2019/crisis-social-media> (қаралған уақыты: 17.12.2023).
18. Instagram users in Kazakhstan / <https://napoleoncat.com/stats/instagram-users-in-kazakhstan/2022/12/> (қаралған уақыты: 17.12.2023).
19. Social Media Stat Kazakhstan / <https://gs.statcounter.com/social-media-stats/all/kazakhstan>. (қаралған уақыты: 17.12.2023).
20. Social Media Stat Kazakhstan / <https://gs.statcounter.com/social-media-stats/all/kazakhstan>. (қаралған уақыты: 17.12.2023).
21. В Казахстане заблокировали фотостоки за экстремизм и порнографию. 21 апреля 2016 г. // <https://web.archive.org/web/20160815220031/http://dixnews.kz/articles/zhizn/21527/> (қаралған уақыты: 17.12.2023).
22. Блокировку Pinterest в Казахстане объяснили в министерстве. 23 апреля 2021 // <https://tengrinews.kz/internet/blokirovku-pinterest-v-kazahstane-obyasniili-v-ministerstve-435494/> (қаралған уақыты: 17.12.2023).
23. Мармونتова Т., Тажибаев А. Социальные сети 2023: как сильно политизирован казахстанский сектор Интернета. // <https://nicrus.ru/analytics/socialnie-seti-2023-kak-silno-politizirovan-kazahstanskiy-sektor-interneta/> (қаралған уақыты: 17.12.2023).
24. Там же.
25. Президент РК: Чиновникам не хватает простоты в общении с населением. 2 апреля 2019 год. // https://www.inform.kz/ru/prezident-rk-chinovnikam-ne-hvataet-prostoty-v-obschenii-s-naseleniem_a3513019 (қаралған уақыты: 18.12.2023).
26. Ашық НҚА / <https://legalacts.egov.kz/application/infographics> (қаралған уақыты: 18.12.2023).
27. Ашық НҚА / <https://legalacts.egov.kz/about> (қаралған уақыты: 18.12.2023).

REFERENCES:

1. Zotov V.V., Gubanov A. V. Formirovanie prostranstva publicnykh kommunikatsii i sub'ekta RF v usloviyakh prevlirovaniya sotsial'nykh media [Formation of the public communications space of the subject of the Russian Federation in the context of the prevalence of social media] *Obshchestvo: sotsiologiya, psikhologiya, pedagogika*. – 2019. – No3 (59). – p. 57.
2. Sharkov F. I. Sotsial'nye seti kak osnova formirovaniya prostranstva publicnykh kommunikatsii [Social networks as the basis for the formation of a public communication space] *Kommunikologiya*. – 2019. – T.7. – No4. – p. 33.
3. Golbeck, J. Trust on the World Wide Web: A Survey [Trust on the World Wide Web: A Survey] [Text] J. Golbeck Foundations and Trends in Web Science. – 2008. – Vol. 1. – No 2. – pp. 131–197.
4. Bakshy E. Exposure to ideologically diverse news and opinion on Facebook [Exposure to ideologically diverse news and opinion on Facebook] <http://science.sciencemag.org> (accessed: 16.12.2023).
5. Bene M. Influenced by Peers: Facebook as an Information Source for Young People. *Social [Influenced by Peers: Facebook as an Information Source for Young People] Media + Society*. 2017. April – June. <https://journals.sagepub.com/doi/full/10.1177/2056305117716273> (accessed: 16.12.2023).
6. Urazova S.L. Sotsial'nye seti kak forma obshchestvennogo dialoga i massovykh kommunikatsii [Social networks as a form of public dialogue and mass communications] S. L. Urazova *Zhurnalistika i massovye kommunikatsii*. – 2016. – No 2. – T. 150. – p. 31.
7. Kilybaeva, SH. Vliyaniye sotsial'nykh media na politicheskoe povedeniye kazakhstanskoy molodezhi [The impact of social media on the political behavior of Kazakh youth] SH. Kilybaeva, A. Nurshanov *Tsentral'naya Aziya i Kavkaz*. – 2020. – T.23. – No3. – pp. 52–63. – DOI 10.37178/ca-c.20.3.05. – EDN XGOLCR
8. Tanekova M.O., Erdzhanov T.K. Pravovoe regulirovanie sotsial'nykh setei v Respublike Kazakhstan [Legal regulation of social networks in the Republic of Kazakhstan] *Vestnik KazNU. Seriya mezhdunarodnye otnosheniya i mezhdunarodnoye pravo*. – T. 71. – No3 (2015).
9. Golub O.YU. Sovremennyye modeli sotsial'nogo dialoga s ispol'zovaniem kanalov ehlektronnoi kommunikatsii: regional'noe izmerenie [Modern models of social dialogue using electronic communication channels: a regional dimension] *Siberian Socium*. – 2020. – T.4. – №2 (12). – S. 25.
10. Roslyakova M.V. Sotsial'nye seti v professional'noi deyatel'nosti gosudarstvennykh sluzhashchikh: rossiyskaya praktika i zarubezhnyi opyt [Social networks in the professional activities of civil servants: Russian practice and foreign experience] *Sotsiodinamika*. – 2019. – №9.
11. Parfenchik A. A. Ispol'zovanie sotsial'nykh setei v gosudarstvennom upravlenii [The use of social media in public administration] *Voprosy gosudarstvennogo i munitsipal'nogo upravleniya*. – 2017. – №2. – S. 192.
12. Kosorukov A.A. Algoritmy poiskovykh mashin i sotsial'nykh setei kak faktor stanovleniya tsifrovoy publichnoi sfery [Algorithms of search engines and social networks as a factor in the formation of the digital public sphere] *Politika i Obshchestvo*. – 2018. – №2. – S. 26.

13. Aleksandrova YU. A. Politicheskaya kommunikatsiya vlasti i obshchestva v sotsial'nykh setyakh: potentsial'naya rol' v stanovlenii novoi modeli rossiiskogo gosudarstvennogo pravlениya [Political communication of government and society in social networks: a potential role in the formation of a new model of Russian public administration] *Pravovaya kul'tura*. – 2016. – №3 (26). – S. 47.
14. Memlekettik organdardyń internet-resurstarynyń biryńǵai platformasy [Unified platform of internet resources of state bodies] <https://www.nitec.kz/ru/proekty/edinaya-platforma-internet-resurov-gosorganov>. (accessed: 17.12.2023).
15. Bas prokuraturanyń statistika komiteti «e-Otinish» aqparattyq zhyiesiniskeqosty. [The statistics committee of the prosecutor general's office launched the e-Otinish information system] 28.08.2023 https://el.kz/bas-prokuraturanyń-statistika-komiteti-e-otinish-aqparattyq-zhyiesin-iske-qosty_87475/. (accessed: 17.12.2023).
16. Kilybayeva, S., Nassimova G., Massalimova A. The Kazakhstan's Youth Engagement in Politics [The Kazakhstan's Youth Engagement in Politics] *Studies of Transition States and Societies*. – 2017. – Vol. 9. – Issue 1. – P. 59.
17. Freedom House. Freedom on the Net 2019. The Crisis of Social Media. <https://freedomhouse.org/report/freedom-net/2019/crisis-social-media>. (accessed: 17.12.2023).
18. Instagram users in Kazakhstan <https://napoleoncat.com/stats/instagram-users-in-kazakhstan/2022/12/> (accessed: 17.12.2023).
19. Social Media Stat Kazakhstan <https://gs.statcounter.com/social-media-stats/all/kazakhstan>. (accessed: 17.12.2023).
20. Social Media Stat Kazakhstan <https://gs.statcounter.com/social-media-stats/all/kazakhstan>. (accessed: 17.12.2023).
21. V Kazakhstane zablokirovali fotostoki za ehkstremizm i pornografiyu. [Photo stocks blocked in Kazakhstan for extremism and pornography] 21 aprelya 2016 g. <https://web.archive.org/web/20160815220031/http://dixinews.kz/articles/zhizn/21527/>. (accessed: 17.12.2023).
22. Blokirovku Pinterest v Kazakhstane ob'yasnili v ministerstve. [Pinterest blocking in Kazakhstan explained in the Ministry] 23 aprelya 2021 <https://tengrinews.kz/internet/blokirovku-pinterest-v-kazakhstane-obyasnili-v-ministerstve-435494/ru> (accessed: 17.12.2023).
23. Marmontova T., Tazhibayev A. Sotsial'nye seti 2023: kak sil'no politizirovan kazakhstanskii sektor Interneta. [Social Networks 2023: how highly politicized is the Kazakh Internet sector] <https://nicrus.ru/analytics/socialnie-seti-2023-kak-silno-politizirovan-kazakhstanskii-sektor-interneta/>. (accessed: 17.12.2023).
24. Tam zhe.
25. Prezident RK: Chinovnikam ne khvataet prostoty v obshchenii s naseleniem. [President of the Republic of Kazakhstan: Officials lack simplicity in communicating with the population.] 2 aprelya 2019 god. https://www.inform.kz/ru/prezident-rk-chinovnikam-ne-hvataet-prostoty-v-obshchenii-s-naseleniem_a3513019. (accessed: 18.12.2023).
26. Ashyk NKA [Open RLA] <https://legalacts.egov.kz/application/infographics>. (accessed: 18.12.2023).
27. Ashyk NKA [Open RLA] <https://legalacts.egov.kz/about>. (accessed: 18.12.2023).

Еркебұлан Меңлібай¹, Қалыбек Қобландин², Салтанат Тайшанова³

¹ Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Аймақтану кафедрасының докторанты
<https://orcid.org/0009-0003-9935-4510>
e-mail: erkebulanmenglibayev@gmail.com

² Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Аймақтану кафедрасының профессоры,
тарих ғылымдарының докторы
e-mail: kkalybek@mail.ru
<https://orcid.org/0009-0001-7503-5676>

³ Астана халықаралық университетінің доценті
e-mail: saltushka84@yahoo.com
<https://orcid.org/0000-0003-1995-3779>
(Астана, Қазақстан)

ПОЛЬШАНЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ КӨШІ-ҚОНЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ САЯСАТЫ ТУРАЛЫ

Аңдатпа. Бұл мақала Польша Республикасындағы репатриация саясатының жүзеге асырылуын зерттеуге арналған. Соңғы онжылдықта Польша үкіметі шетелдегі ұлты поляк адамдарды тарихи отанына оралуына жағдай жасайтын этникалық көші-қон саясатын белсенді жүргізіп келеді. Халықаралық қатынастарда Польшаның репатриация саясатындағы тәжірибесі оң бағаланады. Этникалық көші-қонды ұйымдастыруда мемлекеттік басқару жүйесін, заңнамалық базасын, кешенді әлеуметтік қолдау бағдарламаларын қабылдауының арқасында біршама нәтижелерге қолжеткізілді. Дегенмен, репатрианттардың жаңа ортаға бейімделуі, құжаттандырылуы, жергілікті халықпен қарым-қатынас орнатуы кезеңдерінде бірқатар қиындықтар туындайды.

Осыған орай, бұл зерттеуде авторлар Польшаның репатриация саясатына талдау жасап, оның ішінде құжаттандыру, бейімдеу мәселелері және әлеуметтік қолдау шараларын зерделеген. Тарихи деректерге шолу жасалып, ресми статистикалық мәліметтер талданған. Әр жылдары қабылданған нормативтік құқықтық актілері және мемлекеттік бағдарламалары сараланып, репатриацияның әлеуметтік және экономикалық салдары, құқықтық және саяси аспектілері талқыланды. Сондай-ақ, мақалада диаспора саясаты мәселелеріне де ішінара тоқталып өтті.

Жалпы, тарихи отанына көшіп келушілерді мемлекеттік қолдаудың барлық сатылары сипатталған. Зерттеу еліндегі этникалық көші-қонның ұйымдастырылуы кезіндегі тәжірибесі мен кемшін тұстары анықталған.

Түйін сөздер: репатриация, көші-қон, поляк ұлты, бейімдеу, поляк картасы, Польша.

Еркебулан Менлибай, Калыбек Кобландин, Салтанат Тайшанова ОБ ЭТНИЧЕСКОЙ МИГРАЦИИ И ПОЛИТИКЕ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОДДЕРЖКИ ПОЛЬШИ

Аннотация. Данная статья посвящена изучению реализации репатриационной политики в Республике Польша. В последние десятилетия правительство Польши активно проводит политику этнической миграции, которая способствует возвращению на историческую родину людей польской национальности из-за рубежа. В международных отношениях опыт Польши в репатриационной политике оценивается положительно. В организации этнической миграции были достигнуты множество результатов благодаря принятию системы государственного управления, законодательной базы, комплексных программ социальной поддержки. Однако на этапах адаптации репатриантов к новой среде, документирования, налаживания отношений с местным населением возникает ряд трудностей.

В связи с этим, в данном исследовании авторы проанализировали репатриационную политику Польши и в том числе изучили меры социальной поддержки, вопросы документирования и адаптации. Был проведен обзор исторических данных и проанализированы официальные статистические данные. Также были проанализированы принятые в разные годы нормативные правовые акты и государственные программы, обсуждены социальные и экономические последствия репатриации, правовые и политические аспекты. В статье мы также частично коснулись вопросов диаспоральной политики.

В целом описаны все этапы государственной поддержки иммигрантов на историческую родину. Выявлены недостатки и опыт организации этнической миграции в исследуемой стране.

Ключевые слова: репатриация, миграция, польская национальность, адаптация, польская карта, Польша.

Yerkebulan Menglibay, Kalybek Koblandin, Saltanat Tayshanova ON ETHNIC MIGRATION AND THE POLICY OF STATE SUPPORT OF POLAND

Abstract. This article is devoted to the study of the implementation of the repatriation policy in the Republic of Poland. In recent decades, the Polish government has been actively pursuing a policy of ethnic migration, which promotes the return of people of Polish nationality from abroad to their historical homeland. In international relations, Poland's experience in repatriation policy

is evaluated positively. Many results have been achieved in the organization of ethnic migration through the adoption of a public administration system, a legislative framework, and comprehensive social support programs. However, at the stages of adaptation of repatriates to a new environment, documentation, and establishing relations with the local population, a number of difficulties arise.

Due to this, in this study, the authors analyzed the repatriation policy of Poland and, among other things, studied social support measures, documentation and adaptation issues. A review of historical data was conducted and official statistics were analyzed. Normative legal acts and state programs adopted in different years were also analyzed, the social and economic consequences of repatriation, legal and political aspects were discussed. In the article, we also partially touched upon the issues of diaspora policy.

In general, all stages of state support for immigrants to their historical homeland are described. The shortcomings and experience of organizing ethnic migration in the studied country are revealed.

Key words: *repatriation, migration, polish nationality, adaptation, pole's card, Poland.*

Кіріспе

Халықаралық қатынастар дамыған сайын қазіргі әлемде болып жатқан үдерістер мемлекеттің егемендігінің маңыздылығын арттыра түсті. Жаһандағы геосаяси жағдайлар белгісіздік бағытқа ойысып, кейбір елдер арасындағы дипломатиялық қатынастар үзіліп, экономикалық санкциялар күшейіп, бейбіт миссиялық бағыттан көрі жаппай әскери қарулану үрдісі жылдам жүруде. Осының салдарынан халықтың көші-қоны үрдісі бекітілген халықаралық нормалардан тыс, бей-берекетсіздік жағдайында жүруде. Босқындар мен мигранттардың басым бөлігін Еуропа елдері қабылдауда. Олар Еуропа үшін арзан еңбек күші болып саналғанымен, экономикалық, ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан тиімсіз. Халқының қартаюы жылдам жүріп жатқан Еуропаның кейбір елдері болашақта «титулды ұлт» ретінде этникалық басымдылығынан да айырылып қалуы мүмкін.

Соңғы жылдары Ресей мен Украина арасындағы әскери қақтығыстардың салдарынан Польшаға келетін босқындардың қатары күрт көбейіп кетті. Әскери қақтығыстың алғашқы екі айында поляк шекарасын 3,5 миллионға жуық босқындар кесіп өтті, олардың 95%-дан астамы Украина азаматтары болды [1, 1]. Осыған байланысты Польша үкіметі көші-қон саясатына өзгерістер енгізуге мәжбүр болды. Бұл қадам әлемдік қауымдастықта геосаяси жағдай ушығып тұрғанда, ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан да стратегиялық мақсаттарды көздейді. Себебі, Польша мен Украина арасындағы шекараның ұзындығы 535,18 км. құрауы көп жағдайдың өзгеруіне әкеп соқтыруда [2]. Одан бөлек Польша билігін нарықта еңбекке қабілетті жастағы адамдар санының азаюы, ел экономикасында жағымсыз динамиканы қалыптастыруы алаңдатады. Сарапшы мамандар

Польшадағы жұмысшы күшінің саны 2030 жылға қарай 1,5 млн адамға дейін қысқартындығы жөнінде өз пікірлерін білдіруде [3, 26].

Бұл ретте, Польшаның этникалық көші-қон саясатының басым бағыттарының бірі – екінші дүниежүзілік соғысқа дейін және кейін бұрынғы КСРО аумағында түрлі себептермен қоныс аударып, тұрақтап қалған поляктарды және олардың ұрпақтарын тарихи отанына қайтаруды көздейді.

Шетелдік ғалымдар бұған дейін жүргізген зерттеулерінде Польшаның репатриация саясатына жалпы шолулар жасаған. Оның ішінде поляк ұлтының әр түрлі кезеңдердегі эмиграция тарихына, Польша мен өзге елдердің этникалық көші-қон саясатына салыстырмалы талдаулар және жекелеген аймақтарда тұратын поляктардың атамекеніне оралу тарихын баяндайтын тұжырымды мақалалар жарияланған. Алайда, поляк диаспорасы арасында ерікті түрде Польшаға көшуге ниетті адамдарды ынталандыру, оларды құжаттандыру және тарихи отанындағы жаңадан қоныстанған жерінде бейімдеу шараларымен қамтылуы туралы ғылыми ортада зерттеулер жоқтың қасы. Репатрианттардың тұрғылықты жерінен көшуге алғашқы өтінішін беруден бастап, Польша қоғамына сәтті интеграциялануына дейінгі үрдістерді қамтитын кешенді зерттеулер жүргізілмеген.

Сондықтан авторлар осы мақалада Польша Республикасындағы этникалық көші-қон саясатының мемлекеттік басқару құрылымын, құқықтық базасының қалыптасуын, бейімдеу және әлеуметтік қолдау шараларын зерттеуді көздеді.

Бұл мақаланың ғылыми жаңалығы зерттеу елінде этникалық көші-қонның алғашқы ұйымдастырылу кезеңінен бастап бүгінгі күнге дейінгі оң тәжірибелерін сараптау және кемшін тұстарын анықтау, келешекте демографиялық-диаспоралық зерттеулерде қолдану болып табылады.

Зерттеу әдістері

Польша Республикасының үкіметі тарапынан репатрианттарды қолдау шараларын талдау кезінде зерттеудің жалпы ғылыми тәсілдері мен әдістері қолданылды. Сонымен қатар, зерттеу тақырыбын толыққанды ашу үшін осы елдің құқықтық базасына және мемлекеттік бағдарламаларына сыни тұрғыдан талдау, статистикалық мәліметтерді жинақтау және сұрыптау әдістері қолданылады.

Тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы репатриацияның алғашқы және кейінгі ұйымдастырылу кезеңдеріндегі өзгерістер мен артықшылықтар анықталатын болады. Сонымен қатар, Польшаның көші-қон саясатына зерттеу жасаған кейбір ғалымдардың ғылыми мақалаларындағы пайым-түсініктері мен деректеріне шолу жасалып, талқыланады.

Зерттеу нәтижелері

Тарихи деректердегі мәліметтер бойынша поляктар көп қуғын-сүргінге ұшыраған халықтардың бірі болып табылады. Соның салдары поляктардың туған жерлерінен өз еріктерімен көшуіне және саяси тұтқын ретінде күштеп жер аударылуына әкеп соқтырды.

XVIII ғасырдың аяғында поляк ұлтының Орта Азияға көші-қон үрдісі басталған болатын. Бұл кезде көші-қон ағыны ерікті және иммигранттар саны салыстырмалы түрде аз болды. XIX ғасырда депортацияланған поляктардың көпшілігі Қазақстанға қоныстанды. Олар Ресей империясына қарсы күрескен поляк құпия ұйымдарының құрамына қосылады. Қалғандары орыс оккупациясына қарсы бағытталған 1830-1831 және 1863 жылдардағы көтерілістерге қатысқан сарбаздар мен азаматтық жауынгерлер болды.

1897 жылы жүргізілген алғашқы ресейлік халық санағы бойынша Орта Азияда 11 579 поляк өмір сүрген. Олардың 90 пайыздан астамы ер адамдарды құрады [4, 997].

1930 жылдардың екінші жартысында поляктар Қазақстанға жаппай жер аударыла бастады. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Кеңес әскерінің Польшаның шығыс аймағына кіруі салдарынан жергілікті поляк халқы Қазақстан мен Сібірге күштеп депортацияланды. 1989 жылғы санақ бойынша Қазақстанда 59 956 поляк тұрған болса [5], 2021 жылғы халық санағына сәйкес Қазақстандағы поляктар саны – 35 319 адамды құраған [6, 6]. Жалпы, 32 жылдың ішінде Қазақстанда тұратын поляк ұлтына жататындардың саны 24 637 адамға азайғандығы анықталды. Бұл үдеріс алдағы жылдары да жалғасуы мүмкін. Бұл Польша Республикасының жүргізіп отырған репатриациялық саясатымен тығыз байланысты. Сонымен қатар, тарихи отанының әлеуметтік-экономикалық дамуы еліміздегі поляктардың қызығушылығын тудыруда. Екінші жағынан елдегі поляктар арасында туу көрсеткішінің төмен болуын айтуға болады.

Ресми мәліметтерге сәйкес, шетелдегі поляк диаспорасының жалпы саны 20 млн адамды құрайды [7, 7]. Польша билігі 1990 жылдары алғаш рет шетелдегі поляк диаспорасына қатысты мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын тұжырымдай бастады. 1991 жылғы 5 қарашада Польшаның Министрлер Кеңесі «Полонияға, эмиграцияға және шетелдегі поляктарға қатысты саясатының мақсаттары мен басымдықтары» (Cele i priorytetu polityki rządu wobec Polonii, emigracji i Polaków za graniczon) туралы №145/91 қаулысын қабылдады. Аталған құжатта шетелде тұратын этникалық поляктармен байланысты дамыту және олардың тұрғылықты елдердегі позицияларын нығайту жалпыұлттық міндет болатындығы баяндалған.

1997 жылғы 4 қыркүйекте қабылданған «Мемлекеттік басқару департаменттері туралы» Заңына сәйкес Сыртқы істер министрлігі елдің сыртқы істер саласындағы ұзақ мерзімді стратегияларын әзірлеп, Министрлер Кеңесіне ұсынуға міндетті. Осыған орай, 2012 жылдың наурызында Министрлер Кеңесі диаспора саясатының аса маңызды бағыттары мен міндеттерін айқындайтын «2012-2016 жылдарға арналған Польшаның сыртқы саясатының басымдықтары» туралы құжат қабылдады. Поляк диаспорасымен және поляктармен ынтымақтасты дамыту жөніндегі 2015-2020 жылдарға арналған жаңа стратегия әзірленді. Бұл бағдарламада сыртқы саясат, диаспорамен байланыс, репатриация мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың міндеттері белгіленді. Аталған құжаттар ұлттық

бірегейлікті сақтау және нығайту жөніндегі іс-қимылдарды ілгерілету мақсаттарын көздейді. Сонымен қатар, Польшаға тікелей байланыстар мен саяхаттарды танымал ету үшін жас ұрпақтың Польшамен байланысын дамыту, елдің экономикалық дамуы үшін шетелдегі поляк қоғамы мен поляктардың экономикалық әлеуетін біріктіру, поляк қауымының бизнесін қолдау, Польшамен және елдегі қоғамдық пікірімен коммуникацияның қазіргі формаларын қолдау болып табылады.

2007 жылы Польша үкіметі «Поляк картасы» туралы заң қабылдады. Алғашқыда аталған құжат посткеңестік аймақтарда тұратын поляктар мен олардың тарихи отаны арасындағы байланысты нығайтуға арналды. Карта оның иелеріне белгілі бір артықшылықтарды ұсынды. Мәселен, Польшаға шектеусіз кіруге, заңды жұмыс жасауға, кәсіпкерлікпен айналысуға, орта және жоғары оқу орындарында тегін білім алуға және шұғыл медициналық қызметтерді қолдануға және тағы да басқа құқықтарды береді. Сондай-ақ, Польшадағы (жолаушылар, экспресс-поездар) теміржол билеттеріне 37% жеңілдіктерді қолдануға және мұражайларды тегін аралауға мүмкіндік жасайды.

«Шетелдіктер туралы» жаңа заңға сәйкес 2014 жылдың 1 мамырынан бастап, репатриация туралы заңның ережелері негізінде анықталған поляк текті әрбір шетелдік немесе поляк картасының иесі елде тұрақты түрде тұруына рұқсатты, одан әрі болашақта – поляк азаматтығын алуына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, «Поляк картасының» иесі Польшада тұру шығындарын жабу үшін қаржылай қолдауға өтініш беруге құқылы. 2016 жылғы 13 мамырда және 2019 жылдың 12 сәуірінде Сейм «Поляк картасы» туралы заңға өзгертулер енгізді. Ол құжатты алуға тек бұрынғы КСРО елдерінде тұратын поляктар ғана емес, бүкіл әлемде тұратын поляк диаспорасы өтініш бере алады. Сонымен қатар, Поляк картасын (содан кейін азаматтығын талап ете алады) тек поляк тектес адамдар ғана емес, шетелдегі поляк ұйымының (мысалы, елшілік, диаспоралық ұйымдар және т.б.) куәлігі (сертификаты) бар поляк ұлтына жатпайтын кез-келген шетелдік азамат, сондай-ақ соңғы үш жыл ішінде поляк ұлттық азшылығын, мәдениетін қолдауға және поляк тілін танымал етуге бағытталған іс-шараларға белсенді қатысқандығын дәлелдеген адамдарға да беріледі [8, 108]. Шын мәнінде, «Поляк картасы» этникалық көші-қонның және диаспоралық саясаттың әлеуметтік тұтқасына айналды. Мысалы, 2017-2019 жылдары тұрақты тұруға берілген барлық рұқсаттардың 70%-ы «Поляк картасының» иегерлеріне тиесілі болып отыр.

Жалпы, «Поляк картасының» енгізілуі репатриация және диаспора саясатын жаңа деңгейге көтерілуіне маңызды рөл атқарды. Статистикаға сәйкес 2008-2021 жылдары «Поляк картасын» алуға 350 170 адам өтініш жасаған. Оның 46,22%-ы Беларусьиядан (161 861) және 41,87%-ы Украинадан (146 628) болған [9, 10].

Польшаның білім беру саясаты шет елдегі поляк қоғамы мен поляктардың байланысын сақтауда маңызды рөл атқарады. Әсіресе, поляк ұлтының жас өкілдерін тарихи отанында тегін білім алуға ынталандырып,

болашақта тұрақтап қалуына «жұмсақ күш» ретінде пайдаланып келеді. Бұл жұмыстарды Сыртқы істер, Тәрбие және білім беру, Ғылым және жоғары білім беру жөніндегі ведомстволардың ынтымақтастығы шеңберінде іске асырылады.

Шет елдердегі поляк білімін дамыту орталығы (ORPEG – Ośrodek Rozwoju Polskiej Edukacji za Granicą) шетелде тұрақты және уақытша тұратын жас поляктар арасындағы поляк тілін үйренуді қолдайды және ілгерілетеді. Орталық 1973 жылы Тәрбие және білім беру Министрінің бұйрығымен құрылған. Алғаш ашылған жылдары шетелде уақытша тұратын поляк азаматтарының балаларына арналған мектептердің бірлестігі болған. 2010 жылғы 24 қарашада Министрдің №5 өкімімен мектептер бірлестігі Варшавада орналасқан «Шетелдегі поляк білімін дамыту орталығы» болып өзгертілді, ал оның құрылымы ретінде Люблиндегі «Полониялық мұғалімдер орталығы» (PCN) енгізілді.

ORPEG оқытудың әртүрлі түрлерін дамыту арқылы білім алушыларға Польша туралы тануға және басқа елде тұрақты немесе уақытша болу кезінде тілдік дағдыларды жетілдіруге мүмкіндік береді. Поляк жастарын поляк тілі мен поляк мәдениетін үйренуге, онлайн немесе қашықтықтан оқуға шақырады. ORPEG әлемнің 37 елінде орналасқан. 2017-2018 оқу жылында 13 елде 10 мыңнан астам оқушыға поляк тілін үйреткен, оған 111 ұстазды жібереді. Оқыту Полониямен құрылған және жергілікті мемлекеттік білім беру жүйесінде жұмыс істейтін мектептерде жүргізіледі.

Сондай-ақ, ORPEG ата-аналар мен қоныс аударатын білім алушыларға немесе шетелде тұрақты тұратын оқушыларға арналған консультациялық қызметтерді де жүргізеді. Білім алушылар «Польшаны қос» жобасы мен «Ашық мектеп» интерактивті платформасы аясында жасалған поляк тілі мен Польша туралы білімді үйрену үшін материалдарды тегін пайдалана алады.

Осы ретте, репатриант пен оның отбасы мүшелері елге келген кезде поляк тілін жақсы меңгерген болса, жаңа ортаға тез бейімделуіне, жұмысқа орналасуына, достар табуына оңайырақ болады. Поляк тілінде сөйлейтін балаларға да жаңа мектепке бейімделу, оқу бағдарламасын тез түсінуіне оңай болады. Сондықтан бұрынғы тұрғылықты жерінде поляк тілін үйрену, жоспарланған репатриация алдында оған ең жақсы дайындық болып табылады.

Ерекше атап өтетін жағдай, Польша Республикасы Президентінің шет елдерге жасайтын сапарлары барысында жергілікті поляк диаспорасының өкілдерімен кездесуге міндетті болып саналады. Бұл өз кезегінде атамекеннен жырақта жүрген поляк ағайындарға моральдық-рухани тұрғыда үлкен қолдау болып табылады. Аталған қағида Президенттің шет елдегі іс-сапары туралы хаттамасында бекітілген.

Польша Республикасы – Германия, Израиль мемлекеттері сияқты елдегі халықтың ұлттық этникалық құрамын сақтау және көбейту мақсатында репатриация саясатын 1989 жылдан бастап белсенді жүргізе бастады. Елдегі теріс демографиялық тенденциялар, халықтың қартаюы және

жұмыс күшінің жетіспеушілігінен репатриация маңызды мәселе ретінде Үкіметтің күн тәртібіне енгізілді. Сонымен қатар, осы сәтте КСРО-ның ыдырауы, ондағы ұлты поляк бұрынғы кеңес азаматтарының тарихи отанына оралуына түрткі болды.

Польша Республикасы 1992 жылы Халықаралық көші - қон ұйымының мүшесі болды. Сонымен қатар, Ішкі істер министрлігінің жанынан Көші-қон және босқындар бюросы (Biuro do spraw Migracji i Uchodźców) арнайы орган ретінде құрылды. Тарихи отанына оралуына жағдай жасау мақсатында жаңадан репатриант визасы енгізілді.

Жалпы, Польша Республикасы үкіметінің шетелде тұратын поляк қауымына және поляктарға қатысты мемлекеттік саясаты елдің Конституциясымен айқындалады. Конституцияның 52-бабына сәйкес, «Поляк ретінде шығу тегі Заңға сәйкес расталған адам Польша Республикасының аумағында тұрақты түрде тұра алады».

Польша үкіметінің шетелдегі поляк қауымдастығына және поляктарға қатысты саясатын жүзеге асыруда келесі құқықтық актілер мен құжаттар:

- 16 мемлекетпен жасалған және құқықтарды қорғау туралы қаулылардан тұратын екі жақты шарттар;

- аз ұлттарды қорғау туралы Еуропа Кеңесінің негіздемелік конвенциясы;

- аймақтық тілдердің немесе азшылық тілдерінің Еуропалық Хартиясы;

- қоныс аударатын қызметкерлерге қатысты Еуропалық одақтың құқықтық ережелері;

- «Мемлекеттік әкімшілік құрылымы туралы» Заңы;

- «Польша Республикасы консулдарының атқарымдары туралы» Заңы;

- «Поляк картасы туралы» Заңы;

- «Репатриация туралы» Заңы;

- «Поляк азаматтығы туралы» Заңы;

- «Шетелдіктер туралы» Заңы;

- «Еуропа Одағына мүше елдер азаматтарының және олардың отбасы мүшелерінің Польша Республикасының аумағына кіруі, онда болуы, сондай-ақ осы аумақтан шығуы туралы» Заңы;

- Сайлау Кодексі;

- «Қоғамдық пайдалы қызметтер мен еріктілік туралы» Заңы;

- «Жұмысқа орналастыруды және еңбек нарығы институттарын дамыту туралы» Заңы;

- «Поляк қоғамы мен шетелде тұратын поляктардың арасындағы ынтымақтастық» туралы мемлекеттік бағдарламасы;

- «Қазіргі жағдайлар мен талап етілетін іс әрекеттер – Польшаның көші-қон саясаты» құжаты негіз болып табылады.

Польша Республикасы 2000 жылғы 9 қарашада шетелдегі ұлты поляк адамдардың елге оралып, азаматтық алуын, репатрианттың құқығын, сондай-ақ репатрианттар мен олардың отбасы мүшелеріне көмек көрсету нысандарын белгілейтін «Репатриация туралы заңын» қабылдаған болатын. Аталған заң депортация, жер аудару немесе ұлттық және саяси негіздер бойынша басқа қудалау салдарынан ешқашан Польшаға қоныстанбаған

адамдарға немесе олардың ұрпақтарына тарихи отанына оралуға мүмкіндік береді. Бұл жағдай бүгінгі күні бұрынғы посткеңестік мемлекеттерде (Армения, Әзербайжан, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан және Ресейдің азиялық бөлігі үшін) өмір сүріп жатқан этникалық поляктардың атамекеніне оралуына құқықтық негіз болып отыр.

Польша Республикасының репатриация саясатын жүргізудегі мемлекеттік басқару жүйесіне әр жылдары бірқатар өзгерістер енгізілді. 1989 жылдан бастап бүкіл әлемдегі поляк диаспорасын қолдау және өзара іс-қимыл жөніндегі басты мемлекеттік орган Польша Сенаты болып табылады. Ал, 2019 жылдан бастап Полония мәселелері жөніндегі құзыреттілік – Министрлер Кеңесі Президентінің Кеңесіне берілді. Поляк диаспорасына байланысты жобаларды үкіметтік емес «Поляк қоғамдастығы» қауымдастығы, «Шығыстағы поляктарға көмек» қоры, «Семпер Полония» қоры және басқа ұйымдарға тапсырады.

Польша Парламентіндегі Сенатта – шетелдегі поляктармен байланыс және эмиграция істері жөніндегі комиссия және заң шығарушы Сеймде – шетелдегі поляктармен байланыс жөніндегі комиссия жұмыс істейді.

Поляк диаспорасы мәселелері жөніндегі ұстанымды анықтауда Елге қайтару жөніндегі Үкіметтің өкілетті өкілінің консультативтік органы және Ішкі істер және әкімшілік министрлігі жанындағы Елге қайтару жөніндегі кеңес маңызды рөл атқарады [10, 180].

Польша Республикасының үкіметі 2015 жылы бұрынғы КСРО елдерінің аумағында тұратын этникалық поляктардың тарихи отанына оралуына қолдау көрсету мақсатында 2016-2020 жылдарға арналған «Үйге оралу» деп аталатын алғашқы репатриация бағдарламасын бекітті. Аталған бағдарлама аясында Польшаға 2,5 мың этникалық полякты көшіру жоспарланды.

Бұл жағдай, яғни мемлекеттік репатриация саясатына қатысты енгізілген жаңа өзгерістер 2017 жылдан бастап өзінің оң нәтижесін бере бастады. Мұның ішінде репатрианттарды шақыратын жергілікті атқарушы органдар мен жұмыс берушілерге берілетін субсидия көлемін арттыру, репатрианттарды тікелей қаржыландыру, оның сомасын көбейту мақсатында «Репатрианттарға көмек» арнайы резерві құрылып, Үкімет тарапынан қосымша қаржы бөлу қарастырылды. Нәтижесінде тарихи отанына 2017 жылы 525 адам (2015 жылы 235 адам, 2016 жылы 287 адам), 2018 жылы 765 адам оралды.

Сонымен қатар, Ішкі істер және әкімшілік министрлігінің мәліметінше, 2022 жылы Польшаға 779 адам қоныс аударған. Олар негізінен Қазақстаннан (460 адам), Ресейден (202 адам), сондай-ақ Украинадан (68 адам) және Беларусьадан (21 адам) келген. Ал 2021 жылы шет елдерден 712 поляк тарихи отанына оралған.

2022 жылы репатрианттардың 775-і ұлттық виза негізінде Польшаға келіп, елдің шекарасынан өткен күні поляк азаматтығын алған. Көшіп келуші отбасының төрт мүшесіне Польшада болуын заңдастыру мақсатында тұрақты тұруға рұқсат берілген. Репатрианттарды әлеуметтік

қолдау мақсатында 44,7 млн злотый ақша бөлінген. Ресми статистикада көрсетілгендей, 2017 жылдан бастап мемлекет тарапынан қаржыландыру көбейгеннен кейін, көшіп келетін репатрианттардың саны 2-3 есеге дейін артқан.

Нәтижелерді талқылау

Польша Республикасының «Репатриация туралы» заңына соңғы жылдары көптеген өзгертулер енгізілді. Авторлармен тақырып аясында жүргізілген зерттеу жұмыстарына сәйкес, қазіргі таңда Польша Республикасына қоныс аударушы этникалық поляктардың көші-қон үрдісі төмендегідей іс-шаралардан құралады:

1. Репатриация үшін Ұлттық виза беру туралы өтініш жасау. Ұлттық визаны рәсімдеу үшін тұрғылықты жері бойынша Польшаның консулдық бөлімшесіне өтініш береді.

2. Өтініш берушінің поляк ұлтына қатыстылығын қарау. Ұлтын растау келесі шарттарға сай жүргізіледі:

- кем дегенде ата-анасының немесе аталарының бірі, болмаса арғы аталарының екеуі поляк ұлтының өкілі болулары тиіс;
- өтініш иесі өзінің поляк ұлтына қатыстылығын немесе байланысын дәлелдеуі қажет.

Консул ұсынылған құжаттар мен өтініш берушімен әңгімелесу негізінде оның заңда белгіленген шарттарды қанағаттандыратындығын бағалайды және оны поляк тектес тұлға деп тану немесе бас тарту туралы шешім шығарады.

3. Өтінішті Ішкі істер және әкімшілік министрлігіне беру (Ministerstwo Spraw wewnōtrzych i Administracji). Консул репатриациялық виза алуға өтініш білдірген адамның поляк ұлтына қатыстылығын анықтап, виза беруге келісім алу үшін өтінішті Ішкі істер және әкімшілік министрлігіне жібереді.

4. Репатриациялық виза беру. Консул Ішкі істер және әкімшілік министрлігінен келісім алғаннан кейін репатриациялық виза бере алады. Визаның жарамдылық мерзімі 12 айды құрайды. Виза иесі осы мерзім ішінде Польшаға келуі керек.

Польшаның статистика органының мәліметіне сәйкес, 1997-2019 жылдары репатриациялық визаларға 8 665 өтініш түскен. Олардың 6 239-ның өтініштері қанағаттандырылған. Ең көп өтініштерді Қазақстан азаматтары берсе (53,3%), украиндар – 17,5 пайызды, орыстар – 11,9 пайызды, белорустар – 11,3 пайызды құрады [11, 89].

Поляк ұлтының азаматтары төмендегі қоныстану шарттарының бірін ұсынған жағдайда, консул оларға репатриацияға арналған ұлттық визаны береді:

- Польша Республикасының аумағында өз иелігінде тұрғын үй-жайдың (пәтердің) және табыс көзінің болуын растайтын дәлелдемелердің болуы;

- Польша Республикасында тұрғын үй-жаймен (пәтермен) және табыс көзімен қамтамасыз етуді растайтын дәлелдемелерді ұсынуы.

Осы ретте, тұрғын үйге (пәтерге) кемінде 12 ай мерзімге құқықтық мәртебесінің болуы, сондай-ақ жұмысқа орналасу туралы өтінішті немесе кемінде 12 ай мерзімге еңбек шартын растайтын құжат қоныстану үшін дәлел болып табылады.

Қоныстану жағдайларын дәлелдеу:

- репатриация жөніндегі уәкілетті органның (Pełnomocnik rządu do Spraw Repatriacji) репатрианттарға арналған бейімдеу орталығынан орын беру туралы шешімі;

- гмина кеңесінің (rada gmini) кем дегенде екі жыл бойы қоныстану жағдайларын қамтамасыз ету міндетін қабылдағанын растайтын қаулысы;

- Польшада орналасқан Польша Республикасы азаматының, заңды тұлғаның немесе заңды тұлғасы жоқ ұйымдық бөлімшенің олардың кемінде екі жыл бойы қоныстану үшін жағдайларды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді өзіне қабылдағанын растайтын өтініші. Бұл жағдайда поляк азаматының мәлімдемесі тек осы адамның ата-бабаларына, ұрпақтарына немесе бауырларына қатысты болуы мүмкін.

Егер репатриант Польшада қоныстанатын орын-жайды дәлелдеу мүмкін болмаған жағдайда, консул репатриациялық виза беруді уақытша тоқтата тұру туралы шешім шығара алады. Кейін репатриант Польшада қоныстану шарттарын растайтын дәлелдемелер ұсынғаннан кейін консул репатриациялық визаны береді.

Польшада өз еркімен қоныстануға мүмкіндігі жоқ үміткер репатрианттарға консул мемлекет тарапынан берілген келесі жағдайларды ұсына алады:

- репатриация мәселелері жөніндегі уәкілетті органның есебінде тұрған тұрғын үй-жай мен табыс көздерін;

- репатрианттарға арналған бейімдеу орталығынан орын.

Бұл ұсыныстар репатриация үшін Ұлттық визаға өтініш беру кезектілігіне сәйкес жүргізіледі. Олар, ең алдымен, жасы мен денсаулығының нашарлығы, тез репатриацияны негіздейтін ұлттық белгілері бойынша жер аударылған және қудаланған адамдарға беріледі.

Қоныс аударушыларға бейімдеу орталығында орын беру туралы шешімді Үкіметтің репатриация мәселелері жөніндегі уәкілі шығарады. Бейімдеу орталықтары Польшаның Пултуска (Pułtusk) мен Сроде-Велкопольск (Srodzie Wielkopolskiej) аймақтарында орналасқан. Репатрианттар қоныс аударушыларға арналған Бейімдеу орталығына үш айға дейінгі мерзімге орналаса алады. Егер осы уақыт ішінде тұру үшін басқа орынжай таба алмаса, ол Орталықта болу мерзімін тағы үш айға ұзарта алады.

Сонымен қатар, бейімдеу орталықтарында репатрианттарға келесі қызметтер ұсынылады:

- қоныс аударушылардың жасына, жынысына және денсаулық жағдайына сәйкес қолайлы бөлмелерге орналастыру;

- толық тамақпен қамту, соның ішінде бір ыстық тағам мен сусындардан тұратын үш реттік тамақтану;
- өзіне тамақ дайындауға мүмкіндік беретін орын мен құрал – жабдықтармен тәулік бойы қамтамасыз ету;
- жеке гигиенаны сақтауға арналған жуу және тазалау құралдарымен, соның ішінде нәрестелерге арналған құралдармен қамтамасыз ету;
- телефон, телефакс құралдар қызметін пайдалану;
- интернет желісіне ақысыз қол жетімділік;
- бейімделу-интеграциялық сабақтарынан, сондай-ақ Польшаның тарихын, дәстүрі мен әдет-ғұрпын зерттеуге және поляк тілін үйренуге арналған оқу курстарынан, сонымен қатар белгілі мамандықтар бойынша кәсіби дайындықтан өтуге мүмкіндіктер жасалған.

Репатриант тарихи отанына қоныстанғаннан кейін келесідей қадамдарды жасауға міндетті:

1. Жергілікті азаматтық хал актілері жазбалары бөліміне (Urząd Stanu Cywilnego) өздерінің азаматтық хал актілері (туу, неке туралы және т.б) туралы құжаттарын поляк тіліне аударып, бекітілген нұсқаларымен бірге тіркеуі керек;

2. Тұрғылықты жері бойынша Воевода әкімшілігіндегі (Urząd Wojewódzki) Азаматтық және шетелдіктер істері бөліміне (Wydział Spraw Obywatelskich i Cudzoziemców) барып, воеводадан өзінің поляк азаматтығы бар екендігін растайтын құжатты алуы тиіс;

3. Қала басқармасында (Urząd Miasta) немесе Гмина басқармасында (Urząd Gminy) Польша Республикасы азаматының жеке құжатын (dowód osobisty) беру туралы өтініш жазып, тұрақты негізде тіркеуге тұру (zameldować się na pobyt stały) және ПЕСЕЛ (PESEL – Польша халқын есепке алудың жалпыға ортақ жүйесі) нөмірінің берілуін сұрауы қажет.

Репатрианттардың Польшаға келгеннен кейін жаңа ортаға тез бейімделуіне көмек көрсету мақсатында мемлекет тарапынан арнайы жәрдемақылар тағайындалады. Бір реттік қаржылай жәрдемақы репатриантқа және оның отбасы мүшелеріне төмендегідей мақсаттарда беріледі:

- Польша Республикасына көшу немесе ұшу, сондай-ақ жүктерін Польша Республикасына тасымалдау, теміржол билеті бағасының екі еселенген мөлшерінде репатрианттың тұрғылықты жеріне ең жақын станциядан (қоныс аударуға дейін) Польшадағы қоныстану орнына дейін тасымал төлемін төлеу.

- шаруашылықты жүргізу және оны ағымдағы ұстау, орташа айлық брутто – жалақының екі еселенген мөлшерінде;

- Польшада мектепке баратын кәмелетке толмаған баланы оқытумен байланысты әр балаға орташа айлық жалақы мөлшерінде төлеу.

Айта кету қажет репатриантқа қоныс аудару құны консул тарапынан да ұсынылуы мүмкін. Бұл жағдай консулдан репатриациялық визасын алған, бірақ, Польша Республикасына қоныстануға өз қаражаты жетпейтін адамдарға қатысты болады.

Сонымен қатар, тұрғын үйді (пәтер) жөндеуге, бейімдеуге немесе жабдықтауға арналған қаржылай жәрдемақы тағайындалады. Репатрианттың қоныстану орны бойынша староста (starosta) оның өтініші бойынша, тұрғын үйді жөндеу, бейімдеу жұмыстары мен жабдықтау шығындарына қаржылай көмек береді. Қаражаттың мөлшері жыл сайын жаңарып отырады. Репатриант аталған көмек түріне Польша Республикасының азаматы атанған күннен бастап екі жыл көлемінде алуына мүмкіндік берілген.

Репатриант оқуға, кәсіби курстарға немесе жекелеген төлемдерді жүзеге асыру қажеттілігіне байланысты тиісті куәліктерді, сертификаттарды және біліктілік санаттарын алуға жұмсалған шығыстардың жартысын өтеу үшін старостаға жүгіне алады.

Қоныс аударушылардың тұрғын үй қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған қаржылық көмек репатриант Польшаға келген немесе Бейімдеу орталығынан шыққан күннен бастап 10 жылдан аспайтын мерзімге берілуі мүмкін.

Материалдық көмектен басқа репатрианттарға жаңа кәсіпті игеру немесе ескі дипломды растау үшін тегін курстардан өтуіне, жұмыс іздеуге және тіл үйрену сабағын тегін оқуына жағдай жасайды.

Репатрианттар поляк шекарасынан өткеннен кейінгі 90 күн ішінде денсаулық саласының қызметін тегін пайдалануға құқылы. Аталған мерзім өткен соң, олар, медициналық қызметтерді Польша Республикасының барлық азаматтарына ортақ заңнама шеңберінде пайдаланады. Репатрианттардың тарихи отанына көшуіне себептердің бірі медицина саласындағы қызметтердің сапалы әрі қолжетімді болуы да түрткі болды.

Сонымен қатар, Польша үкіметі тарапынан репатрианттарды ынталандыратын елеулі шаралар қабылдағанымен, этникалық көштің жаңа толқыны түпкілікті нәтижеге қол жеткізуге немесе айтарлықтай серпін бере алмауда. Бұл жергілікті өзін-өзі басқару субъектілерінің қоныс аударушыларды тұрғын үймен, оны ұстап тұруға арналған қаражатпен қамтамасыз ету үшін жауапкершілікті өзіне алуға дайындығының жеткіліксіздігімен, сонымен, бірге көші-қонды дербес қаржыландырудың шығысынан поляктардың мүмкіндіктері шектеулі болуымен түсіндіріледі. Репатрианттардың басым көпшілігінің тұрмыс жағдайы орташа бағаланады. Қоныс аударушылардың басым бөлігінде өз бетінше тұрғын үй сатып алу мүмкіндігі жоқ. Екінші жағынан жергілікті атқарушы органдардың қоныс аудару шараларына белсенді қатысуы үшін жеткілікті уәждеме жоқ. Осылайша, шақырушы субъектіні көп жылдар бойы іздеу және Польшаға баруға рұқсатты ұзақ күту мәселесі пайда болады. Сондай-ақ, ең үлкен кедергінің бірі Польшадан шақыру алу.

Бұрынғы Кеңес Одағы елдерінің Азия бөлігінде тұратын поляктардың баспанасы, тұрақты жұмысы болғанымен тапқан табысы күнделікті тұрмыс жағдайын түзеуге ғана жеткілікті. Сондықтан қоныс аударушылар құжаттарын әзірлеу үшін өзінің тұрғылықты жерінен шалғай орналасқан Польша Республикасының консулдық қызметіне баруына жұмсалатын жол шығындары да қосымша ауыртпалық болып отыр.

Осы ретте, Польша үкіметі репатриацияға жаңа дем беру мақсатында сенімді қадамдар жасауы қажет. Заманға сай жаңа цифрлы технологияларды қолданып, құжаттарын үй жағдайында отырып тапсыруға жағдай жасайтын мүмкіндіктер қарастырылуы керек деп пайымдаймыз.

Авторлар мақалада «Поляк картасының» иелеріне заң аясында көрсетілетін жеңілдіктер мен қолдау шараларын атап өткен болатын. Осыған сәйкес, алдағы уақытта Қазақстанның этникалық көші-қон саясатын дамыту мақсатында Польшаның тәжірибесі негізінде «Ата жолы» картасының мүмкіндіктерін кеңейту қажет деп есептейміз. Оның ішінде консулдық қызметтерді тегін алуға, заңды жұмыс жасауға, кәсіпкерлікпен айналысуға, орта және жоғары оқу орындарында білім алуға және ең бастысы атажұртта тұрақты тұруға рұқсатты жеңілдетілген тәртіпте рәсімдеуге, одан әрі болашақта – Қазақстан азаматтығын алуға мүмкіндіктер берілуі тиіс. Аталған ұсыныстар репатриацияның жаңа толқынын қалыптастыруға өз септігін тигізеді деп тұжырымдаймыз.

Қорытындылар (тұжырым)

Еуропаның көптеген елдерінде жыл өткен сайын демографиялық өсімнің төмендеуі, босқындар санының артуы және жұмыс күшінің азаюы алаңдата бастады. Ең маңыздысы елдегі «титулды ұлтты» сақтап қалудың амалдарын қарастыруда. Оның бір шешімі ретінде этникалық репатриация саясатын қолға алып, ерекше мән берілуде.

Тарихта адамдардың туған жерлерін тастап кетуге мәжбүр болған себептер көбінесе сыртқы факторларға негізделген: соғыс, табиғи апаттар, этникалық қақтығыстар. Бірақ, көптеген адамдар жаңадан қоныстанған ортасында (елінде) сәтті ассимиляцияға қол жеткізгенімен, Отанындағы жағдай жақсарған кезде, көпшілігі атамекеніне қайтып оралуға тырысады.

Зерттеу тақырыбы аясында жүргізілген жұмыстардың қорытындысына сәйкес, авторлар Польша Республикасының этникалық поляктарды отанына қайтару тарихына жалпы шолулар жүргізді. Репатриацияға қатысты заңнамалық құжаттар талданды. Әр түрлі кезеңдерде іске асырылған мемлекеттік бағдарламалар туралы ақпараттар ұсынылды. Шетелдегі поляктардың тұрғылықты жерінен бастап тарихи отанына қоныстануы аралығындағы барлық кезеңдерді қамтитын көші-қон үрдісі баяндалды. Статистикалық мәліметтердің негізінде салыстырмалы талдаулар жүргізілді. Білім беру және медицина салаларында репатрианттарға ұсынылатын артықшылықтар туралы ақпараттар келтірілді. Репатриация саясатын жүргізуде мемлекеттік басқару жүйесі талданды. Сондай-ақ, авторлар Польшадағы репатриация саясатындағы кейбір кемшіліктерді және оған қатысты өз ұсынымдарын атап өтті. Сонымен қатар, зерттеу еліндегі оң тәжірибелерді Қазақстанның этникалық көші-қон саясатында қолдану бойынша ұсыныстар берілді.

Жүргізілген зерттеуге сәйкес шетелдегі поляктардың Польшаға көшуінің негізгі себептеріне: көрші елдер арасындағы әскери қақтығыстар,

отбасылық жағдайлар, өмір сүру деңгейін жақсарту, сапалы білім алуға ұмтылу және өзін-өзі тұлғалық дамыту, тек содан кейін ғана ата-бабасы қоныс тепкен тарихи отанына оралу жөніндегі ішкі ниеті мен ойын іске асыру болып табылады. Қазіргі таңда этникалық көші-қонның негізгі легі Қазақстан, Ресей, Украина және Беларусь елдерінен болып отыр.

Аңдатпа. Мақалада Ақмола облысындағы халықтардың тұрмыс-тіршілігінің әлеуметтік-саяси қырлары баяндалады. Онда Ақмола жеріне ішкі Ресейден көшіріліп әкелген түрлі халықтардың жергілікті қазақ халқымен өзара қарым-қатынасының саяси салдарлары зерделенген. Сонымен қатар, Ақмола облысы аумағындағы уездердің мал сандары нақты кестелермен беріліп, қыстық жем-шөптерді дайындау, әр он екі жыл сайын келетін қоян жылғы аштықтардағы мал сандарының айырмашылықтары да мақалада толық қамтылады. Ішкі ресейден көшіріліп әкелген шаруалар мен жергілікті қазақ шаруаларының жайылымдық жерлер үшін таластары, патшалық биліктің әр түрлі құйтұрқы заңдарына ретроспективалық талдау жасалды. Ақмола облысының аумағында болған әр түрлі әлеуметтік және экономикалық теңсіздіктер үшін болған қақтығыстардың себептері мен салдарлары талданды.

Түйін сөздер: Ақмола облысы, Омбы, саяси салдар, уезд, отырықшы тұрғындар.

Ғани Қарасаев, Әсем Қайдарова, Алтынай Мамбетова
ИСТОРИКО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ЗАСЕЛЕНИЯ
АКМОЛИНСКОГО КРАЯ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИЕЙ:

ПЕРЕСЕЛЕНИЕ РУССКИХ КАЗАКОВ И КРЕСТЬЯН, ВЛИЯНИЕ НА МЕСТНОЕ КАЗАХСКОЕ НАСЕЛЕНИЕ

Аннотация. В статье анализируются социально-политические аспекты о быте народов Акмолинской области. В нем были рассмотрены взаимоотношения различных народов, переселившихся на Акмолинскую землю из Внутренней России, с местным казахским населением в различных направлениях. Кроме того, цифры поголовья уездов на территории Акмолинской области даны с четкими таблицами, подробно освещены в статье о заготовке зимних кормов, различиях в численности поголовья в год кроликов, приходящихся каждые двенадцать лет. Борьба крестьян и местных казахских крестьян за пастбищные угодья, перемещенные из Внутренней России, различные законы царской власти несколько пересматриваются. Выявлены причины и последствия конфликтов из-за различных социальных и экологических неравенств, имевших место на территории Акмолинской области.

Ключевые слова: *Акмолинская область, Омск, политические последствия, уезд, оседлый.*

Gani Karasaev, Assem Kaidarova, Altynai Mambetova HISTORICAL AND POLITICAL ASPECTS OF THE SETTLEMENT OF THE AKMOLA REGION BY THE RUSSIAN EMPIRE: THE SETTLEMENT OF RUSSIAN COSSACKS AND PEASANTS AND ITS IMPACT ON LOCAL KAZAKHS

Abstract. The article tells about the political and historical ramifications of the settlement of the Akmola region by Russian Cossacks and peasants of the end are of particular interest in this study. The influence of these groups on the local Kazakhs is also a key consideration.. It examined the relationship of various peoples who migrated to the Akmola land from Inner Russia with the local Kazakh population in various directions. In addition, the figures of the number of counties in the territory of the Akmola region are given with clear tables, covered in detail in the article on winter fodder harvesting, differences in the number of rabbits per year, occurring every twelve years. The struggle of peasants and local Kazakh peasants for pasture lands displaced from Inner Russia, various laws of the tsarist government are being somewhat revised. Conflicts of the due to various social and environmental inequalities that took place on the territory of the Akmola region.

Keywords: *Akmola region, Omsk, political consequence, county, settled.*

Кіріспе

Әлемдік даму тарихына назар аударатын болсақ, кез - келген басқа халықты, жерді өзіне күшпен қосу белгілі мақсатты саясат арқылы іске асырылып келді және де бұл саясат мемлекетті нығайтып, одан ары

дамытудың басты көзі болып келді. Осы тұрғыдағы XVI ғасырдың соңынан, Ермактың қазақ жеріне жаулау соғыстарынан бастау алған бірнеше ғасырлық ресейлік қазақ даласын отарлау саясатының да басты мақсаты – бұл жаңа жерлерді өзінің құрамына күшпен және толығымен қосу, жер үсті және астының байлығына ие болу, байтақ жаңа өлкені өнеркәсіптік тұрғыда игеру, оны жаппай орыс шаруаларымен қоныстандыру мақсатынан туды.

Мұнымен қатар осы отарлау саясатының келесі саяси мәні – қазақ жерінің шығысы, Алтай өңірлеріне әскери қамалдар негіздеп, Қытай империясының бұл аймақты өзіне қосуға арналған жоспарын орындатпау болды.

Аталған жоспарларын орындау саясаты Ресей империясының өзі күйреуге ұшыраған XX ғасырдың басына дейін жүргізіліп келді. Нәтижесінде 1917 жылға дейін қазақ даласының келбеті барынша өзгертіліп, жергілікті тұрғындардың үлес салмағы болмаған дәрежеде азайды. Өлке көпұлтты аймаққа айналдырылды. Қазақ халқы барша өмір сүру құқықтарынан айырылып, оларға «бұратана» (инородцы) деген атау берілді. Қазақ жері толығымен патша империясының меншігі деп жарияланды. Қазақ даласын отарлап, тұрғындарын бодандыққа айналдыру оның барлық аймақтарында жүргізіліп, аса қаталдығымен ерекшеленді. Халқымыздың бұл бодандыққа қарсы барша отарлану мерзіміндегі кез келген қарсылықтары аяусыз жазаланып келді.

Яғни, Ресей империясының XX ғасыр басына дейінгі бірнеше жүзжылдықтарға созылған қазақтармен арадағы қатынасы оларды толығымен еркіндіктерінен, барша жерінен айыра отыра отарлауды іске асыруға арналды. Оның бұл қызметі ресей патшалығының үздіксіз жүргізілген басты мемлекеттік саясатына айналды.

Сонымен қатар, кең байтақ қазақ жерінің әр аймақтары мен өңірлерінде аталған империялық саясат өзінің ерекшеліктерімен белгілі болды.

Атап айтқанда, Қазақстанның солтүстік шығыс аймағы, соның ішіндегі Ақмола өңірін XIX ғасыр көлеміндегі отарлаудың да Қазақстанның басқа өңірлерінен жер үсті, асты байлықтарының молдығы, әскери стратегиялық маңызы жағынан ерекше саясатқа айналды. Нәтижесінде осы ғасырдың соңында қазақ халқының байырғы ата-мекені болып келген өмір Ресей империясының құрамына толығымен күшпен қосылып болды.

Ал, мына мақалада патшалық осы отарлау саясатының мақсаты, барысы, нәтижесі, жергілікті қазақтарға әсері нақты деректер негізінде баяндалып, ғылыми баға беріледі.

Ресей империясы тарапынан жоғарыдағы аталған мақсаттағы қазақ даласын әскери отарлау және орыс шаруаларымен қоныстандыру тарихы Ермактың казак әскерлерінің Батыс Сібір өлкесін қарудың күшімен жаулап, Сібір хандығының талқандауынан бастау алды. Бұл отарлау одан ары қазақ жерін толығымен өзіне қосумен жалғастырылғандығы белгілі. Бірнеше ғасыр бойы үздіксіз жүргізіліп, патшалық шексіз биліктің негізгі мақсатына айналған осы жаулаудың нәтижесінде XIX ғасырдың соңына дейін қазақ даласы түгелге жуық аталған империяның

толығымен бағындырылған аймағына айналды. Жергілікті қазақтар тарихи мекендерінен күшпен ығыстырылып, бұл жерлерге славян ұлттары, орыстар, орыс казактары мен шаруалары жаппай қоныстандырылды. Әскери бекіністер мен шекара шептеріне толтырылды.

Зерттеу әдістемесі

Мақалада отарлау саясатының мақсаты, барысы, нәтижесі, жергілікті қазақтарға әсері нақты мұрағат құжаттарының деректері негізінде баяндалып, ғылыми баға беріледі. Ретроспективалық талдау негізінде қазіргі салдарларына саяси сараптама жасалған.

Зерттеу нәтижелері

Бұл ресейлік отарлаудың барысында алдымен Омбы, одан кейін Дала Генерал-губернаторлықтары құрамына енген Ақмола облысын әскери отарлау мен орыс шаруаларымен қоныстандыру негізінен XIX ғасырдың басынан жүргізіліп, аталған жүзжылдықтың соңына дейін аяқталып болды. Ақмола облысын Ресей империясына күшпен қосу қазақ даласының басқа өңірлерімен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктері болғандығы белгілі. Енді тарихи деректерге сипаттама жасайтын болсақ, оның себептері – көрсетілген аймақ өңірлерінің егін шаруашылығына қолайлылығы, табиғат байлығы, қазба кен орындарының молдығы, сонымен бірге оның тура сол мерзімдерде одан ары игеріліп жатқан Сібірдің орта және шығыс, қиыр шығыс өңірлеріне тікелей жақындығы, тағы басқалары болғандығы белгілі. Сол мерзімдегі жарияланған жазба деректерге назар аударатын болсақ, XIX ғасырдың соңына дейінгі Омбы генерал-губернатор орталығының құрамында болған Ақмола облысының негізгі тұрғындары қазақтар еді. Ал, XIX ғасырдың 60-жылдарынан бастап аймақтағы қазақ емес тұрғындардың саны жылдам қарқынмен артып, XX ғасырдың бірінші онжылдығында аталған өңірдегі қазақ емес тұрғындар саны жергілікті халықтың санынан екі есеге жуық молайып, 1 миллион адамнан асты. Автохонды байырғы тұрғындар саны 500 мыңнан сәл ғана артық болды. Міне осылай XX ғасырдың алғашқы онжылдығынан бүкіл қазақ жерінің қатарындағы Ақмола облысы тұрғындарының негізін осында көшіп келген орыстар бастаған қоныс аударушылар құрады. Осындай көрсеткіш арқылы Ақмола облысы Ресей империясының заңды құрамдас бөлігі болып қалыптасты. Енді Ресей империясының отарлық саясатының нақты іске асырылуына арналған деректерге талдау жасайтын болсақ, тарихи жазбалардан бұл саяси шараның жоспарлы да мақсатты іске асырылып келгендігін білуге болады.

Мысалы, «Обзор Акмолинской области за 1881 год (приложение ко всеподданейшему отчету Акмолинского губернатора)» [1] атты жазба деректе: «1881 жылы Ақмола облысында 460,363 адам, соның ішінде: 245,299 ер және 215,064 әйел болды. (100 ер адамға 87,7 әйелден айналады). Тайпалық құрамы және мәдени даму деңгейі бойынша облыс тұрғындары отырықшы (орыстар) және көшпелі (қырғыздар) деп бөлінеді. Біріншілері 63 627 ер және 57 008 әйелдер, жиынтығы 120 635 адам, ал

екіншілері 181672 ер және 158056 әйелдер, жалпы 339 728 адам. Әрбір 100 отырықшыға 281,7 көшпендіден айналады» [1], - дейді. Бұған қарап XIX ғасырдың 80-жылдарындағы облыстағы жергілікті тұрғындардың орналасу барысын білуге болады. Келесі, 1883 жылы жарияланған ресми жинақта [2] аталған жыл көлеміндегі облыстағы көпұлтты тұрғындар саны, олардың әлеуметтік топтары мен тиесілі жер көлемінен нақты мағлұматтар жарияланған. Осы деректерді негізге алатын болсақ: «Ақмола облысының жер көлемі мен тұрғындары негізінен алғанда екі бөлікке бөлінеді: оның игерілу барысына орай ол: Сібір казак әскерлерінің қалалық және қоныс аударушы шаруалар (26. 804.2 шаршы верст) (верст-1066,8 метр Ғ.Қ.) мен қырғыздар пайдаланып отырған мемлекеттік (452 396 шаршы верст) жерлерге бөлінеді. Есепке алынған тұрғындар өздерінің экономикалық және азаматтық тұрмыстары жағынан отырықшы (125 374 адамды құрайтын Сібір казак әскерлері, қалалық шаруалар мен әртүрлі топтардан), солармен бірге (341 050 қазақтар) көшпенділер қазақтардан тұрады.

Шаруалардан 3880 адам өздеріне ерекше бөлінген жерлер негізіндегі арнайы қоныстарда орналасқан, қалған 1046-сы казак станицаларында (станция – Патшалық ресейдегі казак облыстары аумағында сақталған село типтес мекен-Ғ.М.) және 6938-ы қалаларда қоныс тепкен» [2]. Осы жылғы тұрғындар қозғалысының анықтамалығына келетін болсақ, бұл жазба мәліметтер жинағында одан ары баяндалғанындай: «Ақмола облысында 1884 жылдың 1 қаңтарында 246 093 ер және 221 341 әйел, барлығы 466 424 адам, соның ішінде 128 365 адам отырықшы, 338 059 адам көшпелі тұрғындар болды. Өткен жылмен салыстырғанда облыс тұрғындарының саны 1986 адамға немесе 1,5%, ал көшпенділер 3405 тұрғынға азайды» [2]. Тура жоғарыдағы сараланған уақыттан 10 жылдам астам мерзім өткеннен кейін Ресей империясының бұл өлкені әскери және өнеркәсіптік бағыттағы отарлау және оны орыс шаруаларымен жүйелі негіздегі қоныс аударту мақсатындағы істерінің нәтижесінде Ақмола облысы тұрғындары саның едәуір бөлігін орыс казактары мен шаруалары құрай бастады. Көптеген казак станицалары мен шаруалар селолары мен деревнялары негізделіп, олардың тұрғындарының саны да молдығымен белгілі болды. Жаңадан келушілер жергілікті қазақтардың жайылымдық жерлеріне орналаса бастады. Осы мазмұндағы деректерде: «Казактар қырғыз даласының алғашқы отарлаушылары – бүгінгі күнге дейін отырықшы уездер тұрғындарының басым бөлігін құрайды. Мұнда казактар уездер территориясының 5-тен 1-бөлігіне жуығына орналасқан және олардың жерлері үздіксіз созылған 20-30 верстік кеңістік арқылы облыстың солтүстік және және солтүстік-шығыс шекарасы бойымен Звериноголовск (Орынбор губерниясы) станицасынан бастап Омскіге дейінгі 572 верст қашықтықта (Преснегорковск жүйесі деп аталатын) және одан ары 170 верст Ертіс бойымен (Ертіс жүйесі) Семипалатинск облысына дейін жалғасады. Егер де бұл кеңістікті казак жанұяларының санына бөлетін болса (9.581), олардың әрқайсысына 210 десятинаға жуықтан айналады; казактарға орташа жер бөлігі әрбір ер адамға 30 десятинадан белгіленген.

Аталған уездердегі мол жерге ие болған казак жерлерінің санына юртовых және әскери жерлермен бірге оншақырымдық (десятиверстные) жерлер де енеді. Тұрғындардың жалпы санын қоныстандырылған орындардың санымен есептейтін болса, жаңа қоныстанушылар орналасқан селениялар бұрынғы қоныстанушылар селенияларымен салыстырғанда тұрғындарының молдығымен ерекшеленеді: біріншілерінің (сырттан келген орыс мұжықтары) қоныстандырылуы - 800 адамға, ал екіншісінде (қазақтар) - 684 адамға жуық.

Ерекше саны мол қоныстар Ишим (Есіл) өзенінің бойына орналасқан, атап айтқанда: Явленное (1.817 адам), Коноваловск (2.074 адам) және Мариинск (2.400 адам), одан кейін Көкшетау уезінің орталық аумағына қарай орналасқан келесі қоныстар; Макинск (1.326 адам), Новопокровск (1.373 адам), Преображенск (1.782 адам) және Каменск (1.891 адам)» [3], - деп жазылды.

Тура сол мерзімдегі империялық ресми жазба деректердің келесі мағлұматтарына назар аударатын болсақ, оларда баяндалатынындай: «Облыстың қалалық тұрғындары негізінен алғанда Омск, Петропавловск және Ақмолада орналасқан. Уездердің тұрғындары: а) Сібір казак әскерлерінің казактары, б) қоныстанушы шаруалар және в) облыстың байырғы бұратана тұрғындары -қазақтардан тұрады.

Қырғыз даласын алғашқы әскери отарлаушы казактар соңғы уақытқа дейін уездердің отырықшы егінші тұрғындарының негізіне айналды. Сібір казак әскерлері облыстағы ең ірі жер иеленушілер болып табылады. Оларға станицалар мен қоныстардың қоғамдық пайдалануындағы а) станицалық немесе «юрталық») жерлер, және б) станицаларға, сонымен бірге казак офицерлері мен әскери шенеуніктердің ұрпақтарына меншік ретінде берілетін қосымша әскери жер бөліктері жатады.

Ақмола облысы деңгейіндегі Сібір казак әскерлерінің территориясы 24.763.3 шаршы версті немесе 2.577.767 десятинаны құрайды, оның ішіндегі 2.003.416 десятинасы Петропавловск және Омск уездеріне жатады. Бұл жерде казактар уездер территорияларының бестен біріне дейінгі бөлігіне орналасқан.

Шаруалар (көшіп келген орыс шаруалары,- Е.Қ.) әзірге облыстың жалпы жер көлемінің біраз ғана кеңістігіне орналасқан, олардың тұрақты негізде пайдалануларына арналған жерлер (әр адамға 15 десятинадан) қырғыздар пайдаланып отырған территориядан алынады» [4]. 1908 жылы Омбы қаласына жарияланған кезекті ресми жазба шолуда ХІХ ғасырдың соңындағы Батыс Сібір Темір жолының пайдалануынан кейінгі Ақмола облысы уездерін орыс шаруаларымен одан ары қоныстандырудың, оларды тағы да жергілікті қазақтардың жайылымдықтары есебінен құнарлы егістік жерлерімен қамтамасыз ету көлемі және жаңа қоныстар мен деревнялар негіздеудің анықтамалығы көрсетілген [5]. Аталған жазба дерек көзінде баяндалғанындай: «Батыс Сібір темір жолының тартылуымен (1894 ж.) даланы отарлау барысы неғұрлым дұрыс жолға түсіп, қоныс аударушыларға мүмкіндігінше алдын ала дайындалған жер бөліктері беріле бастады.

1-кетсе. 1894-1904 жылдар аралығындағы қоныс аударған шаруалар мен олардың негіздеген селенияларының саны

Жылдар	Селениялар	Ерлер	Әйелдер
1894	54	20.382	19.213
1895	87	32.180	29.629
1896	132	52.583	46.816
1897	134	59.607	53.642
1898	138	64.252	58.059
1899	150	69.857	64.567
1900	200	83.033	77.057
1901	206	87.898	81.417
1902	217	90.613	82.454
1903	233	96.317	90.303
1904	248	105.489	98.282
1905	260	105.938	99.577
1906	299	122.609	105.435

Есепті 1907 жылы Омск уезінде 31, Петропавловскіде 6, Көкшетауда 30, Атбасарда 14 және Ақмолада 18, облыс бойыша барлығы 99 жаңа бөліктер ұйымдастырылды. Бұл бөліктерге 10 361 жанұя, соның ішінде 29 459 ер, 26 612 әйелдер жіберілді. Өткен 1907 жылы ауданаралық жер бөлу бөлімдерінің мәліметтері бойынша 1908 жылдың 1 қаңтарына бірден қоныстандыруға жарамды 16 799 адамдық жер бөліктері бар» [5]. Бұдан кейінгі келесі жазба деректе XX ғасыр басындағы Ақмола облысына байырғы қазақ тұрғындарының жайылымдықтары есебінен Ресейдің еуропалық губернияларынан келетін жерсіз орыс шаруаларына арналған құнарлы жерлерді бөлу ісі одан ары жаңа қарқынмен жүргізілді. Осы дерек көзінде аталған мазмұнда баяндалатынындай: «1907 жылы Омск уезінде 31, Петропавловскіде 6, Көкшетауда 30, Атбасарда 14 және Ақмолада 18, облыс бойынша барлығы 99 учасоктар (қоныстанушылар,-Ғ.Қ.) ашылды. Бұл учасоктарға 10 361 жанұя, соның ішінде 29 459 еркек, 26 612 әйел, осылардың қатарында, Омск уезіне 3 032 жанұя, 8 928 ер, 7 735 әйелдер. Петропавловск уезіне - 983 жауя, 2 986 ер, 2 668 әйел. Көкшетау уезіне – 2 744 жанұя, 7 445 ер, 6 787 әйел. Атбасар уезіне 854 жанұя, 2 304 ер, 223 әйел және Ақмола уезіне 2 748 жанұя, 7 766 ер және 7 195 әйел орналастырылды.

1907 жыл бойынша облысқа орналастырылған қоныстанушылардың жалпы саны 56 071 адамдар болды» [6]. «Облыс екі этнографиялық топтармен: орыстар және қазақтармен қоныстандырылған. Сібір казак әскерлеріне облыс көлеміндегі 24 514.5 шаршы верст немесе 2.550.523 десятина жер тиесілі. Казак әскерлерінің территориясы Омск және Петропавловск уездерінің солтүстік бөлегіндегі Ертіс өзенінің оң жағалауындағы Көкшетау уезінің үлкен бес бөлігін, солармен бірге Атбасар және Ақмола қалаларының маңайларын қамтиды. (Бұлармен бірге, - Ғ.Қ.)

басым бөлігі еуропалық Ресейден қоныс аударған шаруалардың үлкен бөлігі облыстағы 5.723.244 десятиналық үлкен өңірге орналасқан. Олар қоныстан негізінен Омск (Омбы) уезінің солтүстік және солтүстік-шығыс бөлігінде; Петропавловск уезінің солтүстік және батыс бөлігінде; Көкшетау уезінің оңтүстік-батыс, батыс оңтүстік өңірлері, Атбасар уезінің солтүстік бөлігі мен Ақмола уезінің Некрасовск қонысына дейінгі солтүстік-батыстан оңтүстік – шығысқа, Батогоринск қонысына дейінгі жүйемен жүргізілуде. 40.805.700 десятинаны қамтитын қалған жерлер қырғыздардың (орыс казактары мен шаруаларынан жалға алуы келісімдері негізінде,-Ғ.Қ.) қырғыздардың нақты қолдануында» [7], - деген Ақмола облысындағы 1910 жылғы тұрғындар арасындағы орыс казактары, шаруалары және жергілікті қазақтарға тиесілі жер иеліктері мен шаруашылық жағдайларына арналған анықтамадан өңірді жаңа келушілермен қоныстандырудың барысы мен сол уақыттағы нәтижесін білуге болады.

1911 жылы Омбы қаласында жарияланған «Статистические материалы по подворному обследованию переселенческих хозяйств 9-ти типичных поселков (4 Кокчетавского и 5 Петропавловского уездов) Акмолинской области за 1910 год»[8], - атты жазбаша анықтамалар топтамасында: «Губерниялар бойынша қоныс аударушылардың келуі төмендегідей болды: Полтава губерниясынан – 422 шаруашылық, Черниговтан – 392, Харьковтан – 143, Самарадан – 146, Саратовтан – 72, Екатеринославтан – 70, Уфадан – 57, Екатеринославтан – 70, Херсоннан – 45, Курскден – 44, Пензадан – 43, Орловскден – 33, Киевтен – 29, Донскойдан – 27, Гродненск пен Ковенскіден – 23 және т.б. Бұл тізімнен анық болатынындай, далалық өңірлі бір поселкаға орманды және таза далалы губерниялардан қоныстанушылар келіп орналасқан, және де қоныстанушылардың жалпы сандары жағынан бірінші орынды Полтава, Харьков және Чернигов губерниялары алады. Анықтаудан өткен қоныстанушылардың арасында жері аздар басымдық танытады (1143 адам). Мүлдем жері жоқтар салыстырмалы тұрғыда аз және «жері жоқтар» деген белгіде 475 шаруашылық қана тіркелген» [8], - деп көрсетіліп, онда Ақмола облысы Көкшетау және Петропавловск уездеріне 1910 жыл көлемінде империяның Еуропалық аймақтарынан келіп орналастырылған жаңа қоныс аударушылар шаруашылықтарының нақты сандары көрсетілген. «XX ғасыр басынан орыс қоныс аударушы шаруаларының Батыс Сібір өлкесі, соның ішіндегі Ақмола облысына келіп орналаса бастауының көлемін «Челябинск пунктiнiң мәліметі бойынша 1911 жылы Сібірге 185 933 адамды құраған 21 690 қоныстанушылар ходоктардың отбасылары келген. Осылардың ішінде облысқа 1911 жылы 28 806 адамды құрайтын қоныстанушылар мен ходоктардың 2928 жанұялары келіп орналасқан» [9], - деген мазмұндағы деректер жеткізеді. Бұдан кейінгі «Список переселенческих участков, предоставленных ходокам Европейской России в Акмолинском районе в 1912 году» [9] атты 1912 жылы Омскіде жарық көрген жазба мағлұматтар жинағында: «Омск уезінде 2475 адамдық үлес, (солардың қатарында 357 жанға арналған жеке пайдалану мақсатындағы 112 жерден анықталған 4 бөлік); Петропавловск уезінде 2555; Кокшетау уезінде 3157 адамдық; Атбасар уезінде 634 адамдық;

Ақмола уезінде 244 адамдық бөліктер. Жиыны 9065 адамдық бөліктер. (Осылардың қатарында), Омск уезіндегі Сатыбай, Терек, Темірбай, Дома Қыстау, Игон Агаш, Сиыр Үлкен, Жақабай Сасық, Шағамбай, Көкшетау уезіндегі Алакөл, Ақмола уезіндегі Жыланды, Атбасар уезіндегі Кенжарым» [10], - деп көрсетіліп, 1912 жыл ішіндегі Омск (Омбы) уезі бойынша жергілікті қазақтар жайылымдық жерлерінен орыс қоныстанушыларына өткізілген жер бөліктерінің санынан анықтамалар берілген.

1912 жылы Омбы қаласында жарияланған «Обзор Акмолинской области за 1912 год» [11], атты кезекті есептік жинағында 1912 жылғы Ресей империясының ішкі еуропалық губернияларынан Батыс Сібір, соның ішінде Ақмола облысына қоныс аударушылардың, олардың жалпы және жанұя сандары сандары беріліп, оларға империялық үкімет тарапынан көрсетіліп отырған әр жақты көмек көлемінен анықтамалар баяндалған. Осы жинақта аталған мазмұнда жазылғанындай: «1912 жылы Челябинск пунктiнiң анықтамалығы бойынша Сiбiрге 177 285 адамды құраған қоныс аударушылар мен өз еркімен келушілердің (ходоктар) 31 623 жанұялары, 83 614 жалғыз басты. Оның ішінде 58 672 өз еркімен келушілер келген.

Осы айтылған сандардың ішінде облысқа (Ақмола облысы, - Ғ.Қ.) 1912 жылы 14.827 адамды құраған 2697 қоныс аударушылар мен өз еркімен келушілер жанұялары және 7 415 жалғыз басты, барлығы 22 242 адам келді. Есепті жылы бұрынғы жылдардағыдай жоспар негізінде келген қоныстанушыларға мемлекет тарапынан көмек көрсетілді, (атап айтқанда,-Ғ.Қ.): шаруашылық мүддесіне, қауымдық қажеттілікке, ішкі бөліністі айқындау және жол шығынына. Шаруашылық мүддесіне бөлінген қаржы: 1912 жылы шаруашылық мүддесіне 1.300.072 рубль бөлінді. Жол шығынына: 1912 жылы бұл мақсатқа 2.380 рубль берілді. Орта есеппен алғанда, өз еркімен келушіге мөлшермен 4 рубль және отбасылық қоныс аударушыға мөлшермен 10 рубльден айналды» [11]. Келесі жазба деректе жоғарыдағы көрсетілген Ақмола облысына Ресей империялық отарлау саясатының барынша жүргізілуі нәтижесінде орыс шаруаларын легімен қоныстандырудың нәтижесінде бұл өлкедегі тұрғындардың нақты сандары көрсетіліп, XIX ғасырдың соңғы уақыттарына дейін басымдық танытып келген жергілікті қазақтардың XX ғасырдың алғашқы он жылдығының соңында сандарының барынша азайып, екінші деңгейдегі тұрғындар санына ауысқандығын білуге болады. Осы мазмұндағы мағлұматтарда жазылғанындай: «Отырықшы және көшпенді тұрғындар бойынша облыс тұрғындарының санының анықтамалығы:

Омск уезінде отырықшы – 327 742, көшпенді – 56 681;
Петропавловскте отырықшы – 207 617, көшпенді – 86 192;
Көкшетауда отырықшы – 248 520, көшпенді – 100 421;
Атбасарда отырықшы – 62 490, көшпенді – 94 068;
Ақмолада отырықшы – 127 71, көшпенді – 213 791;
Барлық отырықшы – 974 090, барлық көшпенді – 551 453;
Жалпы қорытынды: 1 525 543» [12], - болды.

Ақмола облысын империяның Еуропалық өңірлеріндегі жерсіз және жерлері аз орыс шаруаларымен қоныстандыру патшалық билік тақтан

кеткен 1917 жылдың басына дейін үздіксіз жалғасып келді. Бұл шараға тіпті Ресей империясы сәтсіздікке ұшырай бастаған Бірінші Дүниежүзілік соғыс қимылдары да әсер ете алмады. Қазақ даласының бұл өңірін одан ары отарлау барысы мен салдарларын Ақтөбе облысындағы қалыптасқан тұрғындар арасындағы ұлттық айырмашылықтардан білуге болады. Мысалы, 1917 жылғы осындай мазмұндағы жазба деректе баяндалғанындай: «1915 жылы облыстағы казак (орыс казактары) тұрғындардың саны 131 232 адам болды. Облыстағы шаруа тұрғындардың (қоныстанушы орыс шаруалары) жиынтығы 1916 жылдың 1 қаңтарында 744 918 адамға жетті. Олар негізінен Омск (Омбы) және Көкшетау уездерінің солтүстік және оңтүстік бөліктеріне және Атбасар уезінің солтүстік және Ақмола уезінің солтүстік батыс өңірінен оңтүстік батысына дейінгі жерлеріне орналасқан.

2-кесте. Сол кездегі облыс тұрғындарының ұлттық бірегейлігін көрсететін анықтама:

Атауы	Саны
Великоросстар	425 474
Малоросстар	443 113
Белорусстар	5 709
Поляктар	17 203
Мордвалар	27 232
Немістер	30 513
Қырғыздар	592 332
Татарлар	25 649
Барлығы	1 579 456 адам

(Осы, 1915 жылы облысқа жаңадан қоныс аударып келгендердің санына тоқталатын болсақ, - Ғ.Қ.) Челябинск тіркеу орнының мәліметі бойынша есепті жылы Ақмола облысына 5 683 қоныстанушылар мен өз еркімен қоныстанушылар келді. Осы тіркеу орнының есебінде көрсетілгеніндей, өткен жылы 54 893 адам келген» [13].

Келесі талдау жасалатын ресми мағлұматтар жинағынан Ресей империясының өмір сүруінің ең соңғы бір-екі жылдарындағы (1916 жылғы көрсеткіш) бұл отарлаушы мемлекеттің қазақ даласында, соның ішінде бұдан бір ғасыр бұрынғы тұрғындарының түгелге жуығы қазақтар болып қалыптасқан Ақмола өңірі тұрғындарының ұлттық құрамының сандарына көз жеткіземіз. Онда баяндалғанындай: «Ақмола облысындағы (орыс,- Ғ.Қ.) шаруаларының саны 1915 жылдың 1 қаңтарына 729 266 адамға жетті. (Бұлармен бірге, - Ғ.Қ.). Есепті жылы облыстағы казак тұрғындарының саны 111 299 адам болды. Қырғыздардың (қазақтар - Ғ.М) саны 1914 жылы 574 498 адам болып, олардың ішінде 531 507 мыңы көшпенділер. 42 991 адам отырықшылар болды.

Облыстағы шаруалар 1 333 177 адамды құрап, өткен жылмен салыстырғанда 11 981 адамға артық болды. Бұл деректер жинағындағы

кесте негізіндегі, одан ары аталған облыс тұрғындарының ұлттық белгілеріне қарай төмендегі сандары көрсетілген [14].

***3-кесте.** Сол кездегі облыс тұрғындарының ұлттық бірегейлігін көрсететін анықтама (1916 жыл бойынша):*

Атауы	Саны
Великоросстар	423,350
Малоросстар	458,921
Поляктар	7,512
Мордвалар	24,605
Немістер	36,039
Қырғыздар	570,238
Татарлар	24,036
Еврейлер	4,462
Сарттар	2,237
Басқа халықтар	4,237
Барлығы	1 555 679 адам

Жоғарыдағы мәліметтерді саралай келе, XIX ғасырдың екінші жартысынан патшалық ресейдің қазақ даласын, соның ішіндегі Омбы, Петропавловск, Көкшетау, Атбасар уездеріне көбірек қоныстандырып отырды. Ақмола өңірін орыс казактары шаруаларымен, тағы да ресейдің орталық өңірлерінен келетін ұлт өкілдері топтарымен қоныстандырудың мақсаты, барысы мен нәтижелерін талдап, орталық үкіметке ұсыныстар дайындайтын арнайы басылымдардың сандарындағы мәліметтерден анық болатынында, осы қоныстандырудың барлығы байырғы қазақтардың ата қоныстары: қыстаулары мен жайылымдықтарын күшпен тартып алуы арқылы іске асырылғандығына көз жеткіземіз. Яғни, патшалық билік сырттан келген өзге ұлт өкілдерін жергілікті халықтың ерекшелігіне қарамай жаппай қоныстандырып, байырғы шаруашылық түрлерінен ажыратып жіберді.

Осындай отарлық саясаттың барысында 1917 жылға дейін жергілікті қазақтардың саны барынша азайып, олар өздерінің тарихи ата-мекенінде екінші қатарлы ешқандай құқықсыз тұрғындарға айналды. Аталған мерзімдегі ресейлік ресми жазбаларда бұл уақыттағы патшалық отарлық саясаттың жергілікті қазақ тұрғындарына әкелген әсерлері де баяндалып, олардың нақты әлеуметтік, тұрмыстық жағдайларына да талдау жасалынған. Мысалы, 1897 жылы Омбы қаласында жарияланған «Обзор Акмолинской области за 1895 г.» атты ресми деректер жинағында [15], «Қырғыздар өздерінің этнографиялық және мәдени-экономикалық ерекшелігіне және өзіндік шаруашылықтық-әкімшілік негіздеріне байланысты облыс тұрғындарының мүлдем бөлек тобын құрайды. Олар негізінен мал шаруашылығымен және біразы егіншілікпен шұғылданады. Қырғыздардың

жартылай көшпелі өмір-салты далалық облыстардың табиғатының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты қалыптасқан: олардың территориясының үлкен бөлігі кең өңірді қамтитын өзінің жергілікті және климаттық жағдайларына байланысты егіншілікпен емес, қырғыздардың бір орыннан екінші жерге үнемі көшіп жүретін табынды мал шаруашылығына ғана қолайлы. Облысты мекен ететін қырғыздар «Орта орда» (Орта жүз – Ғ.Қ.) деп аталатын топқа жатады және белгілі рулар мен олардың қосымшаларына бөлінеді. Болыстық (волостное) әкімшілік қатынаста олар жеке ауылдарға жіктеледі, алайда бұл ресми бөлу қырғыздардың (қазақтар – Ғ.Қ.) нақты жағдайларына сәйкес келмейді, өйткені бір ауылдың көптеген ошақ иелері (тұрғындары – Ғ.Қ.) болыстықтың әр бөліктерінде тұрады. Шындығына келгенде қырғыздар бірнеше жанұядан тұратын жеке топтарды құрайды және бұл топтардың да ауылдар сияқты жанұябасыларының есімдері берілген атаулары бар.

Көпшілік жағдайда бір ауылды сол рудан шыққан бір бай асырайды. Ол байдың айналасына өзінің ағайын жақын туыстары орналасады. Кей жағдайларда олардың ауылдарының құрамына қызмет етушілер және малшылар ретіндегі «жатақтар» немесе кедейленген қырғыздар да (қазақтар) енеді. Мұндай ауылдарды № мен белгіленген әкімшілік емес «дәстүрлі рулық» деп атауға болады. Мал шаруашылығы жағдайына сай, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу және Сырдария облысының солтүстік бөлігі мен Астрахань губерниясының қырғыз (қазақ) ауылдарының барлығын қосып есептегенде 25 миллионнан астам төрт түлік мал бар. Ақмола облысы қазақтарында 1879 жылы 2 345 983 бас мал болды, оның ішінде: ұсақ – 1 352 165 бас қой мен ешкі, жылқы – 703 261 бас, ірі қара – 194 595 бас, түйе – 95.962 болды. 1879-1880 жылдардың қысында мал азығының жоқтығынан 818 995 бас мал немесе оның 35% - шығынға ұшырады. Статистикалық анықтамалар негізінде қырғыздардың бақылауы бойынша осындай жұт оқиғалары (қазақша «қоян жылы») әрбір 12-жылдан кейін қайталанып отырады. Жылқының орташа-нарықтық бағасы 25 рубль, ірі қара малы (сиыр) – 20 рубль, қой – 3 рубль. Түйе – 50 рубль бағасымен есептейтін болсақ, 2 жылда келтірілген шығын Ақмола облысы қазақтары 15 540 159 рубль малынан айырылғанын көруге болады. 1896 жылдың 1-қаңтарындағы деректер бойынша Ақмола облысында 2 106 585 бас мал болды. Соның ішінде отырықшы тұрғындарда (қалалықтармен бірге) 277 720 бас және ауылдық жерде 1 828 865 бас мал саны болды» [15] - бар. XIX ғасырдың соңынан Ақмола өңірінде тұрып жатқан жергілікті қазақтардың әлеуметтік жағдайына, патшалық биліктің әкімшілік басқару түрлерінің енулеріне қарамастан өзара дәстүрлі рулық, аталық, ауылдық байланыстары сақталып отырғанына талдау жасалынған.

Кезекті ресми деректер жинағындағы: «Жайылымдықты мұз басқан жағдайда, (гололедея) жеткілікті мөлшерде мал азығы дайындалмаса және малды басқа жерлерге айдауға мүмкіндік болмаса, шаруалар жем шөбінің жоқтығынан кейде малдарының жартысынан айырылады. Мысалы, Қазақ даласының орталық бөлегінде (Торғай, Ақмола, және Сырдария облысының солтүстік аймағында) олардың есінде қалған 1879-1880 жж. 12 710 000 бас

малдың 6 106 000 басы жұттан қырылып қалды. Соның ішінде Ақмола облысы қазақтарында 1879 жылы әр түрлі 2 345 983 бас мал болса, 1879-1880 жж. мал азығының жоқтығынан 818 995 бас мал шығынға ұшырап, қолда бар малдың 35% құрады. Ал, 12 жыл өткеннен кейінгі 1891 жылы тағы да жұт салдарынан едәуір көлемдегі мал шығыны орын алып, 364 054 бас мал немесе бар малдың 17,6 % шығынға ұшырады. Жылқының орташа нарықтық бағасы – 25 рубль, ірі қараны – 20 руб, қойды – 3 руб және түйені 60 руб. деп есептегенде жоғарыда аталған 2 жыл көлемінде Ақмола облысы қырғыздарының мал шығындары 15 540 159 рубль болды» [16], – деген мәліметтерден сол мерзімдердегі қазақ даласында үнемі орын алып келген жұттардың көшпенді мал шаруашылығына келтіретін зардаптарының мөлшерін білуге болады.

Ақмола облысы қазақтарының XX ғасырдың басындағы шаруашылық жағдайларына талдау жасалған көптеген жазба мағлұматтарда олардың негізгі күн-көріс көздері малдары жыл сайын азайып келе жатқандығынан мысалдар келтірілген. Атап айтқанда, 1910 жылы Санкт-Петербургте жарияланған осындай жазба деректер топтамасында [17],- баяндалғанындай: «Қазіргі қазақтардың ата-бабалары Петропавел (Қызылжар) өңіріне көшулері әр уақыттарда орын болған. Осы уезде өздерін бес жүз жыл бұрын тұратынын айтатын жергілікті қазақ ауылдары бар. Атап айтқанда, Полуденск болыстығындағы №9 Джакей Оразбай ауылы. Осы болыстықтағы тағы да басқа төрт ауыл (№7, 10, 13 және 16) және Тайынша болыстығындағы он бір ауыл (№143-145, 152-154 және 161-165) өздерін осы жерлерге орналаса бастау уақыттарын төрт жүз жылдеп айтады.

Осы жазбада назар аударатын мәселенің бірі жоғарыдағы аталған ауылдардың негізделуіне жататын тарихи кезеңнің, соның ішінде, осыдан үш жүз жыл бұрынғы орыстардың Ертіс жағалауындағы даланы немесе қазіргі Ақмола облысының солтүстік жартысын, соның ішіндегі Петропавловск (Қызылжар) уезі кіретін «Көшім хандығының» билігінде болған жерлерді бағындырған уақытпен сай келеді. Яғни, көрсетілген 117 ауыл, орыстардың Петропавел өңірін толығымен отарлауы кезеңіндегі кездескен байырғы тұрғындардың өкілдері болды. 516 ауылдың негізі соңғы 60 жылда қаланды. Осы ауылдардың көпшілігі бұрынғы қазақы ауылдар негізінде қалыптасты.

Қызылжар уезі қазақтары кәсіп түрлеріндегі мал шаруашылығы төмендегі мәліметтермен анықталады. Мысалы, 1908-1901 жж. аралығындағы санақ мәліметтері негізінде мал санынан салыстырмалы сандарына тоқталсақ:

1908 жылы: жылқы - 2 256 422, ірі қара – 201 097, қой – 271 678, ешкі-71 136, түйе - 300.

1901 жылы: жылқы – 113 224, ірі қара – 91 431, қой - 129 972, ешкі – 26 245, түйе – 326.

Жиыны: 1908 жылы барлығы – 772 642, 1901 жылы барлығы – 361 198.

1908 және 1901 жж. аралығындағы бір шаруашылық бойынша әр түрлі мал анықтамалығы туралы келесі сандар мәлімет береді:

1908 жыл: жылқы – 17, ірі қара – 15, қой – 21, ешкі – 6;

1901 жыл: жылқы – 10, ірі қара – 8, қой – 12, ешкі – 2.

Барлығы: 1908 – 59, 1901 – 32» [17] - деп жазылып, одан жергілікті қазақтардың соңғы 10 жыл көлеміндегі әр түрлі мал сандарының мәліметтері көрсетілген. Петропавловск уезі қазақтарының осы өңірге орналасуының тарихы баяндалған. Бұлармен бірге осы жазба дерек жинағында облыстағы егін шаруашылығын ұйымдастыруға жауапты шенеунік В Кузнецов: «Қазіргі уақытта ру басыларының деңгейі біршама дәрежеде төмендеп, көшпелі мал шаруашылығы таза күйінде мүлдем жойылып барады. Болашақта бұл жойылу одан ары жүре береді. Уездің көптеген өңірлері, соның ішінде, солтүстік және батыстағы Убаған-Құшмұрын (Обаған, Құсмұрын – Г.М.) өңірі көшпелі мал шаруашылығы жерлері есебінен түгелдей тығыз орналасқан жер өңдеу аудандарынан тұрады» [17], дейді. Бұл уезге патшалық отарлаудың жергілікті қазақтардың өмірі мен тұрмыстарына әкелген кері әсерлерін атап көрсетті. Келесі жазба деректе Ақмола облысы Ақмола уезі өңіріне қазақтардың келіп орналасуы тарихынан да анықтамалар беріліп, бұл өңірді ресейлік отарлау барысы, оған қарсы жергілікті тұрғындардың қарсылығынан мысалдар келтірілген. 1822 жылғы Ресей империясы тарапынан қабылданған Сібір қырғыздары ережесінің жергілікті қазақтардың тұрмыстық жағдайларына, әлеуметтік дамуларына әсері жазылған. Уезд қазақтарының осы империялық ережеге қатынасы мен Кенесары қозғалысын қолдауы нақты деректер негізінде сипатталған. Онда: «Ақыр соңында 1756 жылы қытайлықтар қырғыздардың жаулас көршілері қалмақтарды толығымен талқандап, үнемі қауіп төндіріп келген Жоңғар мемлекеті жойылды. Екі ғасыр бойы үнемі шапқыншылықты басынан өткізіп келген қырғыздар нәтижесінде еркін тыныстады және Жоңғар патшалығы талқандалғаннан екі жыл өткен соң олар шығысқа, Ертіс өзені жағалауына қарай жылдам жылжып, ондағы жоңғарлардан босатылған жерлерге орналаса бастады.

Бұған керісінше, орыстар Ертіс өзені бойымен қазақ қоныстарын негіздей отыра, мұндағы қырғыздарды ығыстыра бастады. Міне осылай, XIX ғасырдың басынан Ертістен батысқа қарай қарсы қозғалыс басталады. Осы уақытта Ақмола уезі шеңберінде Ертістен қоныс аударған қазақтар көбейе бастады. Нәтижесінде, орыстардың билігі Ақмола уезіндегі Есіл өзені бойындағы 1832 жылы «сыртқы округ» болып жарияланған округтік қалаға айналған Ақмола бекінісінің негізделуінен кейін бірден белгілі бола түсті. Осыдан кейін 1837 жылы уездің оңтүстік бөлегінде Ақтау бекінісі салынды. Округтың ашылуымен жергілікті басқарудың сайланатын «аға сұлтандар» басқаратын ерекше әкімшілік басқарамасы енгізілді. Алғашқы аға сұлтан болып Самеке ханның ұрпағы Қоңырқұлжа Құдайменді сайланды. Оған бәсеке ретінде аға сұлтандыққа өтуге Саржан Қасымов түсті, алайда өзінің үмітінің орындалмайтындығын біліп, ол Қоқанд хандығының қарамағына өтті. Едәуір деңгейдегі осындай сайлану мақсаттары негізінде Саржанның інісі Кенесары Қасымұлы 1837 жылы оларды орыс бодандығына енбеу және тәуелсіз мемлекет құруға туралы үгіттей бастады. Оның бұл әрекеті ерекше табысқа жете алмады, бұған қарамастан 10 жылға жуық уақыт бойы Кенесары мен оның жақтастары бүкіл өлкені үздіксіз соғыс алаңына

айналдырды. Кенесарымен келіспейтін қазақтар оның жазалауларынан құтылу үшін өздерінің тұрақты ауылдары мен қыстауларынан біршама уақыт алыстап солтүстікке қарай көше бастады. Кенесары толқытқан қазақ даласы өз қалпына жылдам келе алмады. Осындай жағдайдан кейін, көптеген қазақ рулары арасында келіспеушіліктер болып, өз туған жерлерінен көше бастады. Ал, ол жерлерге өз кезегінде ішкі ресейден келіп жатқан шаруалар қоныстанды.

Кенесарының көтерілісі өлкенің (қазақ даласы) тарихындағы бүкіл бір кезеңді қамтыған патшалық үкіметке қарсы ұлт-азаттық көтеріліс пен шапқыншылық кезеңнің соңғы оқиғаларының бірі болды. Аталған уақытта өлкеде әлі де сайланбалы аға сұлтандардың көмегімен басқарудың ескі жүйесі сақталынып келді; өлке рулық болыстықтарға бөлініп келді және бұл рулық бастама сол кезде зор маңызға ие болды. Осыдан барып, бірнеше рулар әліде болса қазақ хандарының мұрагерлері төре сұлтандардың қамқорлықтарын іздейді. Өлкедегі мұндай жағдай «Сібір қырғыздары Ережесін» іс жүзінде ауыстырған уақытқа дейін іске асырылды» [18], - деп жазылған, бұл өлкедегі XVIII ғасырдың ортасынан XIX ғасырдың соңына дейінгі орын алған саяси-әлеуметтік оқиғалардың барысына талдау жасалып, баға берілген.

Нақты сандармен толықтырылған кезекті жазба деректер жинағында 1880-1907 жылдар аралығындағы Ақмола облысындағы жергілікті қазақтардың мал сандарының салыстырмалы көрсеткіштері беріліп, талдау жасалынған. Онда: «Қырғыз мал шаруашылығының жағдайын төмендегі сандар арқылы білуге болады:

1880 жылы 1 қазаққа есептегендегі мал басының саны 4,7., 1891 – 5,4., 1892 – 4,2., 1894 – 4,7., 1897 – 7,8., 1907 – 3,9.

4-кесте. Қырғыздар иелігіндегі малдың жалпы саны [19]:

Жыл	Жылқы	Мүйізді ірі қара	Ұсақ мал	Түйе	Барлығы
1880	408 570	159 699	959 395	82 224	1 609 888
1887	550 585	204 019	1 302 165	91 197	2 147 766
1897	792 072	420 957	1 872 588	102 514	3 188 131
1907	522 230	366 034	993 296	76 270	1 197 810

Яғни, бұл мәліметтерден белгілі болатынындай, аталған жылдардағы мал сандарының көрсеткіштері әртүрлі жағдайларда болғандығы, соның ішінде 1880 жылмен салыстырғанда 1907 жылы әр қазаққа тиесілі мал саны 1897 жылғы көрсеткіштен екі есеге азайғандығын көруге болады. Бұған оған жыл сайын осы өңірлерді жиі қамтып отыратын ауыр табиғат жағдайлары (қысқы мал жұты, мал ауыруы, т.б.), ресейлік орыс казактары мен шаруаларын еселеп қоныстандыру салдарынан қазақтардың жайылымдық көлемінің үнемі азайып отыруы, осыдан барып олардың малдарын мол көлемде орыс көпестері мен жәрмеңкелер арқылы лажсыздан сатуы әсер еткендігі

белгілі. Ал, мұның өзі негізгі күн-көрістері мал болып келген қазақтардың тұрмыстық жағдайларының нашарлауына әкеліп соқтыратындығы белгілі.

1912 жылы Омбы қаласында жарияланған кодан кейінгі жазба дерегінде «Қазақ тұрғындарының құрамы 1912 жылы 554 302 адам болды; олардың ішінде көшпенділер 543 035 адам және отырықшы 11 064 адам» [20] - болды. Осы сандарға қарап сол уақыттағы Ақмола облысында отырған жергілікті қазақтардың саны және барлық тұрғындардың әлеуметтік жағдайлары нақты белгілі болады. Ал, осы мерзімде Ресейлік Дала өлкесінің құрамында болған Ақмола облысындағы жалпы тұрғындардың саны 1 миллионнан асып, оның басым бөлегі өлкеге қоныс аударған орыс казактары мен империяның Еуропалық бөлігінен көшіп келгендер болғандығы белгілі. Ресей империясының осындай отарлық саясатының негізінде жергілікті қазақтардың саны мейлінше азайып, бұл кері құбылыс одан ары жалғастырыла берді. Бұл осы жергілікті халықтың санының кемуіне әкеліп соқты. Ал, бұдан кейін көптеген әлеуметтік, экономикалық, шаруашылық теңсіздіктер пайда болып, оның зардабы бірнеше буынға дейін әсер етті.

Қорытынды

- Қазақстанның солтүстік-шығыс аймағын қамтыған Ақмола облысының XIX-XX ғасыр басы мерзіміндегі бодандық тарихы арқылы бұл жерлерді Ресей империясы тарапынан отарлау саясатының барысы мен жергілікті тұрғындарға деген кері нәтижелерін барынша айқындай түседі;

- Ресей империясы бұл өңірдің жер үсті-асты байлықтарын есепсіз игеру арқылы XIX ғасырдың соңына дейін өлкеде көптеген алтын, күміс, мыс, тағы да басқа түсті металлдар іздестіретін, өндіретін орындар пайда болып, өндірілген өнімдер толығымен империяның орталық өңірлеріне жіберіліп келді;

- Осындай ресейлік өндірістік игеру жергілікті қазақтардың кен орындары табылған жайылымдық жерлерін күшпен алу, оларды мал шаруашылығына мүлдем қолайсыз жерлерге ығыстыру арқылы іске асырылды.

- Ресейлік отарлаудың келесі түрі – Ақмола облысы территориясына көпсанды Сібір казак әскерлерінің арнайы бөлімдері орналастырылып, оларға жерлерінен айырылған қазақтардың қарсылықтарын қарудың күшімен басу міндеттері қойылды. Отбасымен келіп орналасқан казак әскерлеріне өлкедегі ең құнарлы егістікке арналған жерлер беріліп, оның көлемі үнемі ұлғайтылып отырды. Қазақ даласында әскерилендірілген казак станицалары пайда болып, даладағы патшалық әкімшіліктің тірегіне айналдырылды;

- Бұлармен қатар әсіресе өлкені XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап орыс шаруаларымен қоныстандыру бастау алып, XX ғ. басына дейін тоқтаусыз жүргізіліп келді. Өлкеде көп мөлшердегі орыс деревнялары мен селениялары негізделіп, қазақ тұрғындары жайылымдықтары есебінен ең құнарлы жерлерде орын тепті. Мұның салдары автохонды тұрғындардың мал шаруашылығының тереңінен дағдарысқа ұшырауына әкелді;

- XIX ғасырдың бірінші ширегі (1822 ж.) және екінші жартысындағы (1868 ж.) ресейлік саяси-әкімшілік реформалары талаптарына сай Ақмола облысындағы қазақтардың ата-қоныстары толығымен патша үкіметінің меншігі деп жарияланып, жергілікті тұрғындар ешқандай құқықсыз «бұратана» (инородцы) тұрғындар деп (халық) жарияланды;

- Мұндай теңсіздікке қарсы өлке тұрғындары өздерінің әр бағыттағы үнемі қарсылықтарын білдіріп келді. Оның айқын мысалы жергілікті қазақ тұрғындарының едәуір бөлегі XIX ғасырдың бірінші ширегіндегі аталған реформаларға қарсы ұйымдасқан бүкіл қазақ даласын, соның ішінде шығыс және солтүстік шығыс өңірлерін де қамтыған қарулы қозғалысты белсенді қолдады.

Ал, осының өзі қазақ даласын, соның ішіндегі Ақмола өңірін ресейлік отарлаудың нақты мақсаты, барысы мен нәтижесін толығынан көрсетіп берді.

Ұсыныстар:

- Қазақстан тарихының құрамдас бөлегі – әр өлкенің өткенін тарихи нақты жазба деректер негізінде үнемі зерделеп, нәтижесін жариялап отыруды тұрақты негізде іске асыру;

- Аталған бағытта тың архив және тарихи жазба деректерді пайдалануға назар аудару;

- Мұндай маңызды жұмыстар арқылы Қазақстанның әрбір аймағының көне заманнан қазіргі уақытқа дейінгі жүйелі тарихын негіздеуді іске асыру. Соның ішінде Қазақстанның барлық өңірлерінің жетістікті, шешуші, сынды да, ауыр кезеңдері тарихын саралап, нәтижелері мен себептерін анықтауға үнемі көңіл бөлу;

- Еліміздің әрбір өлкесінің тарихын осылай мақсатты да жүйелі тұрғыда зерттегенде бұл аймақтардың Қазақстанның біртұтас тарихи өңірі ретінде айқындалатындығына барынша назар аудару.

Міне, осындай нақты істер атқарылғанда қазіргі және болашақ ұрпағымыздың бойында «Ұлан-байтақ Еліміздің территориясының тұтастығы мен халқымызды тарихи төл мекені» қағидасын қалыптастыра аламыз деп есептеуге болады.

Қаржыландыру: Жұмыс «Қазақстан тарихындағы саяси институттар мен құрылымдардың эволюциясы (XIX-XXI ғғ.)» (ЖТН №BR21882308) мақсатты-бағдарламалық қаржыландыру аясында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрілігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен орындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Обзор Акмолинской области за 1881 год (приложение ко всеподданнейшему отчету Акмолинского губернатора) Омск., 1882 г.
2. Обзор Акмолинской области за 1883 год (Приложение ко всеподданнейшему отчету и.д.Акмолинского губернатора). Омск.,1884 г.
3. Обзор Акмолинской области за 1894 г.Омск., 1896, сс.5,10
